



ҚОНАҚЖАЙ ШАҺАР

3-БЕТ



КӨК ҚҰЖАТТЫҢ САЛМАҒЫ

5-БЕТ



Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегімен;



www.gov.kz/sailau

sailau.gov.kz

sailau2026.gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елдімекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.



ҚҰРМЕТ



МЕРЕЙЛІ МАРАПАТ

Асылы Осман II дәрежелі «Барыс» орденімен наградталды

Алматының Құрметті азаматы, белгілі ғалым және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Асылы Әлиқызы Осман II дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен берілген жоғары мемлекеттік награданы Президенттің атынан Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды табыстады.

Асылы Осман сондай-ақ, Мемлекеттік тіл қауымдастығын басқарады. Ол саналы ғұмырын қазақ тілін дамытуға, оның мәртебесін арттыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және қоғамдық келісімді нығайтуға арнады. Ғалымның қазақ тілінің ерекшелігі мен құрылымына арналған ғылыми-зерттеу еңбектері тіл білімінің дамуына елеулі үлес қосты. Ол 200-ден астам ғылыми және аударма мақаланың авторы.

Мемлекет басшысы Асылы Османға жолдаған құттықтауында оның ел алдындағы еңбегіне жоғары баға берді.

«Мемлекеттік тіл саясатының мәні мен маңызын көпшілікке ұғындыра отырып, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін оятуға әрі ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге қосқан үлесіңіз зор екені анық. Қазақстанның тұрақтылығын сақтау, қоғамның бірлігін және ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы белсенді қызметіңіз – өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге», – делінген Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауында.

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды Асылы Османның қаланың қоғамдық және мәдени дамуына, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге қосқан ерекше үлесін атап өтті.

«Ақшамның» аяулы жанашырларының бірі Асылы апа Әлиқызы Грузияның Ахалкалак жерінде дүниеге келгенімен, өнегелі өмірі мен ғибратты ғұмырын Қазақ жерінде өткізіп келеді. Қазақ мем-

лекеттік қыздар педагогикалық институтын, ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының аспирантурасын бітірген. Ғылымдағы еңбек жолын ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл білімі институтында бастаған. 1993–1997 жылдары – ҚР Тіл комитетінің, ҚР ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетінің бөлім бастығы, басқарма бастығы қызметтерін атқарған. «Тұран» Әзербайжан мәдени орталығының вице-президенті де болды. Қазақ қоғамы оны тіл жанашыры, елдегі ұлтаралық татулықтың символы ретінде құрмет тұтады.

Алматының қоғамдық және рухани-мәдени өміріне белсене атсалысқаны үшін Асылы Османға Алматы қаласының Құрметті азаматы атағы берілген. Ол бұған дейін II дәрежелі «Достық» және «Парасат» ордендерімен марапатталған. Асылы Осман II дәрежелі «Барыс» орденімен қоғамдық және мәдени қызметтегі айрықша еңбегі үшін марапатталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Алматы – еліміздің демографиялық, қаржы-экономикалық және қоғамдық-саяси әлеуеті ең жоғары қала. Миллионнан астам тұрғыны бар мегаполис ел экономикасының маңызды орталығы әрі азаматтық белсенділігімен ерекшеленетін қала саналады. Сондықтан Құрылтай сайлауына алматылықтардың белсенді қатысуы қаланың электоралды салмағы мен тұрғындарының азаматтық ұстанымын көрсететін маңызды көрсеткіш.

Мегаполистің маңызы басым

Алматы – елдегі электоралды салмағы басым қала. Мегаполис ерекшелігі ең алдымен оның демографиялық әлеуетінен көрінеді. 2,5 млн. тұрғыны бар шаһар елдегі халық саны ең көп және тығыз орналасқан әкімшілік аумақ. Сонымен қатар, Алматыға еліміздің басқа өңірлерінен тұрақты түрде адамдардың келуі қаланың демографиялық және экономикалық тартымдылығын арттырып отыр. Бұл фактор қаланың сайлау процесіндегі маңызын да айқындайды.

Халық саны көп қалада сайлаушылардың белсенділігі жоғары болған сайын, сайлау нәтижесінде тұрғындардың қоғамдық сұранысы мен саяси таңдауы да кеңірек көрініс табады. Яғни алматылықтардың әрбір дауысы жеке азаматтың ғана таңдауын білдірмейді.

Бұл жерде мәселені тек «сайлауға келу көрсеткіші» ретінде қарастыру жеткіліксіз. Ірі мегаполистің тұрғындары өз қаласының әлеуметтік және экономикалық болашағына қатысты көзқарасын сайлау арқылы білдіреді. Қоғамның қай мәселелерге басымдық беретіні, қандай саяси ұсыныстарды қолдайтыны, қандай бағыттарды маңызды санайтыны сайлау үдерісінде көрініс табады.

Алматының электоралды салмағы оның қаржы-экономикалық әлеуетімен де



өлшенеді. Ірі мегаполис Қазақстанның негізгі іскерлік орталығы саналады. Мұнда ірі кәсіпорындар, қаржы институттары, шағын және орта бизнес субъектілері, жоғары оқу орындары, ғылыми және мәдени ұйымдар шоғырланған. Алматының экономикасында сауда, қаржы, қызмет көрсету, туризм, ақпараттық технологиялар және креативті индустриялардың үлесі жоғары. Мұндай экономикалық шоғырлану қаланың республикалық үдерістегі рөлін күшейтеді.

Алматыдағы экономикалық белсенділік тек қала тұрғындарының әл-ауқатына емес, жалпы ел экономикасына да әсер етеді. Сондықтан қала тұрғындарының мемлекеттік экономикалық саясатқа, кәсіпкерлік ортаны дамытуға, салықтық реттеуге, жұмыспен қамтуға, инвестициялық саясатқа қатысты мәселелерге қызығушылық танытуы заңды.

Осы тұрғыдан алғанда, сайлау азаматтардың өздері үшін маңызды экономика-

лық және әлеуметтік басымдықтарға қатысты көзқарасын білдіретін мүмкіндіктердің бірі. Мысалы, кәсіпкер үшін салық саясаты мен бизнесті реттеу маңызды болса, жас маман үшін жұмыс орындары мен білім беру мүмкіндігі маңызды болуы мүмкін. Жас отбасы тұрғын үй мен әлеуметтік инфрақұрылымға назар аударса, егде жастағы азаматтар әлеуметтік қорғау мәселесін басымдық ретінде қарастыруы ықтимал. Бұл мүдделердің барлығы бір қалада тоғысады.

Құрылтайдың жаңа конституциялық жүйедегі орны да осы тұрғыдан маңызды. Құрылтай – заң шығару қызметін жүзеге асыратын өкілді орган. Оның құрамына сайланған депутаттар елдің заңнамалық және қоғамдық дамуына қатысты шешімдер қабылдауға қатысады. Демек, алматылықтардың таңдауы қала өміріне қатысты ғана емес, елдің әлеуметтік-экономикалық даму бағытына қатысты мәселелерге де әсер етеді.

Көзқарасы сергек орта

Алматыны Қазақстанның басқа қалаларынан ерекшелендіретін факторлардың бірі – тұрғындарының қоғамдық белсенділігі. Мегаполис тұрғындары қала өміріндегі өзгерістерге бей-жай қарамайды. Қоғамдық көлік, жол инфрақұрылымы, экология, құрылыс, аула мен қоғамдық кеңістіктер, тұрғын үй-коммуналдық мәселелер, білім беру, жастар саясаты сияқты тақырыптар әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты талқыланады. Бұл азаматтардың өз қаласына деген қызығушылығының көрсеткіші.

Соңғы жылдары әлеуметтік желілер Алматы тұрғындарының өз пікірін білдіретін негізгі қоғамдық алаңдардың біріне айналды. Қала тұрғындары мәселені көтеріп қана қоймай, одан әрі оның шешілуін талап етеді, мемлекеттік органдардың жұмысына баға береді, қоғамдық бастамаларға қатысады. Мұндай азаматтық белсенділік сайлау кезінде де көрініс тапқаны маңызды.

Сайлауға қатысу тек дауыс беру жәшігіне барып, бюллетеньді толтырумен шектелмеуі керек. Белсенді сайлаушы – ақпарат іздейтін, кандидаттар мен партиялардың бағдарламаларымен танысатын, ұсыныстарын салыстыратын және өз таңдауын саналы түрде жасайтын азамат. Әсіресе, Алматы сияқты ақпараттық кеңістігі өте белсенді қалада бұл мәселе маңызды.

Қорыта айтқанда, 23 тамыздағы Құрылтай сайлауына Алматы тұрғындарының белсенді қатысуы белсенді азаматтық ұстанымын көрсетеді. Алматының электоралды салмағы оның қаржы-экономикалық әлеуетімен ғана емес, тұрғындарының азаматтық белсенділігімен де өлшенеді.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
Коллаж: ЖИ.

САЙЛАУ – 2026

САЯСИ НАУҚАННЫҢ СИПАТЫ

Отандық сарапшылар бас қосты

Алматыда «Сайлау-2026: саяси науқанның сипаты» атты сарапшылар алаңы ұйымдастырылды. Іс-шараға ҚР Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты ұйымтқы болды. Талқылауға саясаттанушылар, академиялық және сарапшылық қоғамдастық өкілдері, зерттеу және талдау орталықтарының мамандары, қоғам қайраткерлері, сондай-ақ саяси коммуникациялар мен сайлау үдерістері саласының сарапшылары қатысты.

«Сайлау-2026: саяси науқанның сипаты» атты сарапшылар алаңында саясаттанушы, баспагер Бақытжан Бұқарбай еліміздегі сайлаушылардың 70 пайыздан астамы алдағы Құрылтай сайлауына қатысуға дайын екенін айтты. Ол мұны еліміздегі беделді зерттеу ұйымдарының қорытындыларына сүйене отырып айтқанын жеткізді.

Сарапшы 2026 жылғы 13 маусым мен 27 шілде аралығында түрлі зерттеу ұйымдары жүргізген алты әлеуметтанулық зерттеудің салыстырмалы талдауын ұсынды. Зерттеулердің әдістемесінде айырмашылықтар болғанына қарамастан, олардың барлығы сайлауға қатысуға дайындық деңгейінің тұрақты түр-

де жоғары екенін көрсетеді. Атап айтқанда, дауыс беруге ниетті азаматтардың үлесі 70,3 пайыздан 75,6 пайызға дейін болған.

«Біз тұрақты жағдайды байқап отырмыз: сайлаушылардың оннан жетеуі дауыс беруге қатысуға дайын екенін мәлімдеген. Сонымен қатар, респонденттердің 89,4 пайызы 23 тамызда өтетін сайлау туралы қандай да бір деңгейде хабардар. Сайлау туралы хабардарлық жасы ұлғайған сайын арта түседі және ауыл тұрғындары арасында біршама жоғары», – деп атап өтті Бақытжан Бұқарбай.

Саясаттанушының айтуынша, аға буын өкілдері арасында дауыс беруге дайындық деңгейі 80,7 пайызға жетсе, жастар



арасында бұл көрсеткіш 69,4 пайызды құрайды. Ең жоғары белсенділік 46–60 жас аралығындағы азаматтар арасында байқалады. Әйелдердің сайлауға қатысуға дайындығы ерлерге қарағанда шамамен, 5 пайызға жоғары.

Алаң спикерлерінің қатарында Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры Айгүл Сәдуақасова сайлау науқанының қазіргі деңгейіне тоқталды. Оның пікірінше, дәл қазір басым көп саяси партиялар жалпы халықтың 5% дауысына ие болу мақсатымен әлектенуде. Бұл олардың осыған дейін электоратпен тым аз жұмыс істеп келгенін білдіреді.

Ал белгілі саясаттанушы Нұрболат Нышанбаев биылғы сайлау науқанының өзіндік ерекшеліктерін атап өтті. Оның айтуынша, партиялардың жастар аудиториясына баса мән беруі, теледебат секілді классикалық тәсілмен қатар әлеуметтік желілерді барынша кеңінен қолдануы кезекті саяси доданың ерекшелігі. Сарапшы елдегі саяси белсенділік пен саяси мәдениет деңгейі бұрынғыдан жоғарылай түскенін, сайлаушылар құрғақ уәделерден гөрі нақты ұсыныстарға көбірек назар аударатынын атап өтті.

Айта кетейік, Алматыда ұйымдастырылған сарапшылар алаңындағы пікірталасқа онлайн форматта Қазақстанның барлық өңірінен сарапшылар қосылды.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.

САЙЛАУ ҚАРСАҢЫНДА



Тәуелсіз бақылаушылар ақпараттық штабы жұмысын бастады

Алматыда Қоғамдық коммуникациялар орталығында өткен брифингте Тәуелсіз бақылаушылардың Ақпараттық штабының Құрылтай сайлауы қарсаңындағы жұмысы таныстырылды. Ақпараттық штаб бұған дейін республикалық референдум кезінде алғаш рет жұмыс істеген болатын. Осы тәжірибе ақпарат алмасудың, әсіресе, өңірлердегі тәуелсіз бақылаушылармен байланыстың қаншалықты маңызды екенін дәлелдеді. Енді сол формат 23 тамыздағы сайлау кезінде қайта қолданылмақ.

Штабтың жетекшісі Рафаэль Гасановтың айтуынша, наурызда өткен референдум кезінде формат шетелдіктердің де қызығушылығын тудырған. Ол брифинг барысында алаңның мәртебесі мен мақсаты жөнінде айтып өтті:

– Ең бастысы, ақпараттық штаб саяси құрылым емес. Ешқандай партияның немесе кандидаттың мүддесін білдірмейді. Біздің басты міндетіміз – тәуелсіз қоғамдық бақылау үшін бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптастыру, ақпарат алмасу, мониторинг жүргізу, – деді ол.

Қазір штаб құрамында 50-ден астам адам бар. Басым бөлігі Алматыдан, Астана, Шымкент, Алматы және Батыс Қазақстан облыстарынан да өкілдер қатысқан. Дауыс беру күні Штаб таңғы сағат 7.00-ден түнгі 00.00-ге дейін жұмыс ісемек. Орталықта арнайы ақпараттық алаң ашылып, өңірлерден тікелей қосылымдар жүргізіледі. Ал бақылаушылар, құқық қорғаушылар, сарапшылар мәлімет беріп отырады. Алаңға тек бақылаушылар ғана емес, журналистер де өздеріне келген мәліметтерді жіберіп, бірлесіп тексере алады.


Қоғам белсендісі Бекнұр Қисықов ақпаратты тексеру мәселесіне көбірек тоқталды. Оның айтуынша, бұл штаб жалған ақпаратқа қарсы тұратын құрал.

«Жалған мәлімет саяси және әлеуметтік зардаптарға әкелуі мүмкін. Біз ақпараттың шын-жалған екенін дер кезінде анықтап, фейк таралуына жол бермеуді мақсат етеміз», – деді ол.

Ал Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Андрей Андреев азаматтарды әлеуметтік желіден келген әр мәліметке жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сонымен қатар, расталмаған ақпаратты таратудың заңдық жауапкершілігі болатынын еске салды.

Штаб жұмысы саяси бейтараптық, объективтілік, ашықтық және заңнаманы қатаң сақтау принциптеріне негізделеді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ТУРИЗМ

ҚОНАҚЖАЙ ШАҢАР әлем назарын аударды

Алматы халықаралық туризм кеңістігінде уақыт өткен сайын кеңінен таныла бастады. Әлемдік ақпарат мегаполис туралы кеңінен жазып, шетелдік телеарналар түрлі жобалар түсіріп, ірі фестивальдер мен әлемге танымал артистердің өнер көрсетуі он мыңдаған көрермен жинап жатыр. Бұл туралы қалалық Туризм басқармасының өкілдері баяндады.

Сонымен қатар, Алматы әлемдік тревел-креаторлардың түсірілім алаңына айналып, олардың миллиондаған аудиториясына қаланы жаңа қырынан танытып келеді.

Халықаралық Vogue журналы Қазақстанды үздік 14 туристік бағыттың қатарына қосып, Алматыға ерекше назар аударды. Жарияланымда қала заманауи қалалық орта, гастрономия мен мәдениетті Іле Алатауының тау көріністерімен үйлестірген мекен ретінде сипатталған. Испанияның Viajar туристік журналы да Алматыны тау бөктерінде орналасқан әлемдегі бес қаланың қатарына қосып, қала орталығынан тау шаңғысы жолдарына қысқа уақытта жетуге болатынын атап өтті.

Алматы Оңтүстік Кореяның миллиондаған көрерменіне де таныла түсті. SBS телеарнасының танымал «Менің кішкентай бойдақ жігітім» шоуының арнайы шығарылымында актерлер Пэ Чон Нам, Ли Сон Мин, Ким Сон Гюн және Ким Чон Су қаланың мәдениетімен, ұлттық тағамдарымен және туристік мүмкіндігімен танысты. Бағдарлама корейлік саяхатшылардың Алматыға деген қызығушылығын арттырды.

Қалада өтетін іс-шаралар да халықаралық деңгейде танылып келеді. Solana Fest фестивалі 25 мыңнан астам көрермен жинап, бір сахнада Timbaland, Nicole Scherzinger, Keri Hilson, John Newman, Tyga, Busta Rhymes және Flo Rida сынды әлемдік жұлдыздардың басын қосты. The Spirit of



Tengri фестиваліне 50 мыңға жуық адам қатысты, ал сахнада Enigma жобасының вокалисі Андру Дональдс өнер көрсетті. First Fest 7 мыңнан астам қонақты жинап, оның хедлайнері бельгиялық диджей Lost Frequencies болды. Әлемдік деңгейдегі тағы бір айтулы оқиға – Cirque du Soleil өнер көрсетуі.

Алматы шетелдік телевизиялық жобалардың да танымал шаһарына айналып келеді. Францияның «Pekin Express» шоуы қаланы халықаралық аудиторияға таныстырса, Euronews телеарнасы Алматыны Modern Nomads бағдарламасында көрсетті. Испанияның «Мадридтіктер бүкіл әлемде» жобасы қаланы оның мәдениеті, күнделікті тыныс-тіршілігі және табиғи көріністері арқылы таныстырды.

Осылайша Алматы бір мезетте бірнеше туристік нарықта халықаралық экран кеңістігіне шығып отыр.

Қаланы ілгерілетудің тағы бір бағыты – әлемдік тревел-креаторлар. Қазақстандық блогер Дастан Мұхамедрахымның шақыруымен Алматыға Instagram желісіндегі жалпы аудиториясы 16,5 млн.-ға жуық оқырманды құрайтын Джо Хаттаб (@joe_hattab) пен Джошуа

Платильеро (@megaamerican) келді. Олар қаланың туристік мүмкіндігімен танысып, халықаралық аудиториясына арналған жаңа контент әзірлеп жатыр.

Сондай-ақ, қалаға Instagram желісінде 2,8 млн.-нан астам оқырманы бар қытайлық блогер Тао Тао келді.

Алматының халықаралық деңгейдегі іс-шаралары жылдың екінші жартысында да жалғасады. Тамызда қалада Gorillaz, Jack White және The Offspring қатысатын Park Live өтсе, қыркүйекте Enrique Iglesias концерті өтеді. Көпшілік асыға күткен басты оқиғалардың бірі – алдын ала болжам бойынша кемінде 30 мың көрермен жинауы мүмкін YE (Kanye West) концерті.

2026 жылы Алматы халықаралық медиадағы орнын нығайтып, әлемдік артистерді тартып, жаһандық тревел-креаторлар үшін тартымды орталыққа айналып отыр. Шаһар халықаралық жобалар өтетін алаң ретінде ғана емес, миллиондаған әлеуетті саяхатшының назарын аударатын дербес туристік бренд ретінде де барған сайын кеңінен таныла түсуде.

Әзірлеген Нұрлан СҮЙІН.
(Дереккөз: aviasales.kz)

«ОҚИТЫН ҰЛТ»

Алматыда алғаш рет кітап беру пункті ашылды



Жетісу ауданындағы «Adem» сауда орталығында қалалық кітапханалардың кітап беру пункті ашылды. Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Оқитын ұлт» жобасы аясында қала әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен жүзеге асырылып отыр. Мақсаты – қала тұрғындары үшін кітаптың қолжетімділігін арттыру, кітап оқуға қызығушылық қалыптастыру және оқу мәдениетін дамыту.

Іс-шараға белгілі жазушы Нұрдәулет Ақыш, ақын Бақыт Беделхан, айтыскер ақын Серік Қали, ақын Мұратхан Шоқан, Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Жанасыл Сабырұлы, мәдениет саласының өкілдері мен қала тұрғындары қатысты. Бастаманы қолдаған қаламгерлер кітаптарын сыйға тартып, жаңа кітап беру пунктінің қорын құнды туындылармен толықтырды.

«Кітап оқуға қызығушылықты арттыруға, оқу мәдениетін дамытуға және «Оқитын ұлт» қалыптастыруға ықпал етіп, тұрғындар жиі келетін орындардың біріне айналады деп сенемін», – деді Алматы кітапханаларының №14 филиалының меңгерушісі Зарина Айдосқызы.

Кітап беру пунктінің ашылуын сауда орталығының кәсіпкерлері де оң бағалады. Кәсіпкер Залинаның айтуынша, мұндай бастама кітапты тұрғындардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналдыруға мүмкіндік береді.

«Біз үшін дәл осы сауда орталығында кітап беру пунктінің ашылуы жағымды жаңалық болды. Күнделікті тіршілікте кітапханаға арнайы барып, кітап алуға әрдайым мүмкіндік бола бермейді. Енді жұмыс орнынан алысқа бармай-ақ, бос уақытта осында келіп, қажетті кітапты алуға болады», – деді ол.

Бүгінде аталған кітап беру пунктінің қорында 2000-нан астам кітап бар. Сейсенбіден жексенбіге дейін сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс істейді.

Гүлжанат СЕМБАЕВА



ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ МҰРАСЫ

Ғалымдар зерттеудің жаңа бағыттарын талқылады

13 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Ғылым академиясында «Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұрасын зерттеудің перспективті бағыттары» тақырыбында кеңейтілген отырыс өтті.

Жиында Жошы Ұлысы мен Алтын Орда тарихын зерттеудің қазіргі жай-күйі сараланып, ғылыми жұмыстарды жүйелеу, тарихи деректерді ғылыми айналымға енгізу, мұраны цифрландыру және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының Басқарма президенті, академик Ақылбек Күрішбаев Жошы Ұлысына қатысты зерттеулердің әзірге жекелеген ғылыми ұйымдар мен зерттеу топтары аясында жүргізіліп отырғанын айтты. Оның пікірінше, ғылыми күштерді

біріктіріп, зерттеулерді үйлестіретін ортақ тетік қалыптастыру қажет.

Осыған байланысты республикалық деңгейде бірлескен жұмыс тобын құру ұсынылды. Топ ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын айқындап, жобалардың өзара сабақтастығын қамтамасыз етуі тиіс.

Сонымен қатар, тарихи мұраны цифрландыру мәселесі көтерілді. Архив құжаттары, қолжазбалар, археологиялық материалдар, карталар мен музей қорларындағы жәдігерлерді бірыңғай цифрлық ортаға біріктіру ұсынылды. Жасанды интеллект негізінде тарихи дерек-

терді жинақтап, талдауға мүмкіндік беретін ғылыми-танымдық платформа әзірлеу қажеттігі де айтылды.

Кезекті баяндамашы Жошы Ұлысын зерттеуді жекелеген жобалардан ұлттық ғылыми жүйе деңгейіне көтеру қажет екенін атап өтті. Оның пікірінше, бұл бағытты дербес ғылыми басымдық ретінде дамыту зерттеулерді жүйелеуге мүмкіндік береді.

Ал Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институтының директоры, философия докторы (PhD) Жақсылық Сәбитов Алтын Орданың қазақ тарихындағы орнына қатысты ғылыми көзқарастардың өзгеруіне тоқталды. Оның айтуынша, кеңестік кезеңдегі идеологиялық ұстанымдар Алтын Орданың тарихи рөлін бағалауға әсер еткен. Тәуелсіздік жылдарында бұл көзқарас өзгеріп, Алтын Орданың қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы орны қайта зерделене бастады.

Жиында М.О.Әуезов атындағы Әде-

биет және өнер институтының бас директоры, академик Кенжехан Матыжанов «Алтын Орда дәуірі және қазақ фольклоры» тақырыбында баяндама жасады. Ол ежелгі мұраға жаңаша көзқараспен қараудың маңызын айтып, Алтын Орда дәуірінен жеткен мұраны алғаш зерттеп, саралаған ғалым әрі әдебиетші Мұхтар Әуезов екенін атап өтті.

Ақылбек Күрішбаев Жошы Ұлысының мұрасын зерттеуді ұзақ мерзімді ғылыми бағдарламалар арқылы жүргізу қажеттігін де айтты. Бұл нақты зерттеулер жүргізуге, халықаралық ғылыми байланыстарды дамытуға және осы салаға мамандар даярлауға мүмкіндік бермек.

Отырыста Жошы Ұлысын зерттеу бойынша Жол картасын әзірлеу, ғылыми басымдықтарды нақтылау, тарихи деректерді цифрландыру, жасанды интеллект негізіндегі платформаны дамыту және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөнінде ұсыныстар айтылды.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

Жаңа оқу жылы қарсаңында қалалық Білім басқармасының ұйытқы болуымен дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы басталды. Бұл іс-шара балалардың құқығы мен мүддесін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өткізіледі. Әрі сауабы мен салмағы жоғары акцияның өтіп келе жатқанына жиырма жылдан асты.

Мейірім акциясы



Талай баланың қолына қалам алып, қара тануына себепкер болған «Мектепке жол» акциясы биыл да «Жақсылық жасайық! Ұйымшылдық танытайық!» деген ізгі ұранымен өтуде.

Қазір қаланың барлық білім беру мекемелерінде арнайы стенд жасалып, «Мектепке жол» акциясының барысы туралы ақпараттар ілінген. Мектеп әкімшілігі мен Қамқоршылық кеңесі де-меушілігімен балаларға қажетті құрал-жабдықтар мен мектеп формасы, оқушы сөмкесі мен кеңсе тауарлары таратыла бастады.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес, «Жалпы оқу қорынан бөлінген қаржының жұмсалуды туралы» бұйрық шығарылды.

Жалпы, бөлінген қаржы аз қамтылған, ата-ана қамқорынан тыс қалған және әл-ауқаты төмен көпбалалы отбасындағы оқушылардың ата-аналарының есепшотына толықтай аударылады. Әлеуметтік аз қамтылған отбасылар тізімін қалалық Білім басқармасы мен аудандық оқу бөлімдері ұсынады.

Акция барысында көмекке мұқтаж оқушылардың тізімі, әлеуметтік тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасыдан шыққан және көпбалалы отбасы білім алушыларының саны анықталып, іс-шара аясында мұқтаж отбасы балаларына заттай және қаржылай көмек көрсетіледі. Әрі қарай, қайырымдылық іс-шарасын үйлестірушілер меценаттармен өзара байланысып, оның жүзеге асуына ұйытқы болады.

Қайырымдылық жасау – әр адамның қолынан келетін іс. Әрбір жасалған істе ізгілік пен мейірімділік, адамгершілік қасиеттердің көрініс табары сөзсіз. Жанында жүрген жандарға қуаныш сыйлап, жүрек жылуын сезіндірсеңіз, бұл да қайырымдылық.

Егер сіздің ізгі әрекеттеріңіз бір баланың оқу жылына қуанышпен қадам басуына ықпал етіп жатса, бұл нағыз ғанибет болар еді.

Рая ЕСКЕНДІР.

ИНКЛЮЗИЯ

Қайырымды қала мәдениеті



Іс-шараның негізгі мақсаты – кез келген адамның физикалық мүмкіндігіне қарамастан, өз әлеуетін ашуына және табиғатты қорғауға үлес қосуына мүмкіндік беретін инклюзивті әрі экологиялық орта қалыптастыру.

«Бір-бірімізге жанашырлық танытпай, айналадағы әлемге қамқорлық жасау мүмкін емес. Сондықтан фестивальде инклюзияға басымдық берілді. Мүгедектігі бар жандар мен ерекше балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар іс-шараның

Бас ботаникалық бақта экология, инклюзия және қала мәдениетін біріктірген «InEco Fest 2026» отбасылық фестивалі ұйымдастырылды. Биыл үшінші рет өткен ауқымды жобаға 4 мыңнан астам адам – оқушылар, студенттер, мүгедектегі бар балалардың ата-аналары, ғылыми қоғамдастық пен қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

қонағы ғана емес, белсенді қатысушысы әрі ұйымдастырушысы да болды», – деді «ITeachMe» қорының операциялық директоры Дәурен Бекқожаев.

Фестиваль аясында театр, би, өсімдіктермен жұмыс істеу, қолөнер шеберлік сабақтары өтіп, интерактивті шығармашылық алаңдар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, инклюзивті және экологиялық бастамаларды қолдауға бағытталған қайырымдылық жәрмеңкесі өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ



КӨК ҚҰЖАТТЫҢ САЛМАҒЫ

Елімізде азаматтық алу қалай жүргізіледі?



78

БАҒЫТҚА
алдын ала
визасыз баруға
болады



61-орын

әлемдік рейтингте
(Henley Төлқұжат
Индексі 2026)



227

БАҒЫТ
индекс
қамтитын әлемдегі
туристік бағыттар
саны



199

ТӨЛҚҰЖАТ
индекс
қамтитын
төлқұжаттар
саны

ВИЗАСЫЗ БАРУҒА БОЛАТЫН ЕЛДЕР ЖӘНЕ БОЛУ МЕРЗІМІ



90 КҮНГЕ ДЕЙІН

Әзербайжан
Армения
Албания
Беларусь
Грузия
Түркия
Молдова
Черногория
Сербия
Бразилия
Аргентина
және басқа елдер



30 КҮНГЕ ДЕЙІН

Қытай
Біріккен Араб
Әмірліктері
Таиланд
Оңтүстік Корея
Малайзия
Катар
Бахрейн
Сауд Арабиясы
Кувейт
Иран
Индонезия
және басқа елдер



28 КҮНГЕ ДЕЙІН

Барбадос



14 КҮНГЕ ДЕЙІН

Кейбір елдерде
қысқа мерзімді
визасыз режим
қолданылады.



(Дереккөздер: Henley Passport Index, ҚР Сыртқы істер министрлігі)

БҰҰ ұсынған деректе қазір әлемде 304 миллион халықаралық мигрант бар екен. Бұл дегеніңіз – Жер шары тұрғындарының 3,7 пайызы. Өзге елге көшіп, жұмыс істеп жатқан жаһандық миграция жасаушылар саны жыл сайын артып келеді. Демек, басқа елдің азаматтығын алады. Қазақстан азаматтығын алуға ниет білдірушілер де кейінгі кездері көбейген. Бүгінгі мақаламызда елімізде азаматтық алу жүйесі қалай жүретініне тоқталамыз.

2025-2026 жылдары 29,8 мың шетелдік Қазақстан азаматтығын алған. Оның 24,8 мыңы – этникалық қазақтар. Нақтырақ айтсақ, 2025 жылы – 20,6 мың, ал биыл 9,2 мың адам көк паспортқа ие болған. Соңғы 8 жылда Қазақстан азаматтығынан бас тартқандар саны 40 есеге азайыпты.

Ал Алматыда қанша адам азаматтық алғанын және тақырып аясындағы өзге де мәселелерді білмек үшін қалалық Полиция департаментіне ресми сауал хат жіберген едік. Департаментке қарасты Көші-қон басқармасы берген дерек бойынша қалада 2025 жылы 1251 тұлға, 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында 861 тұлға Қазақстан Республикасының азаматтығын алған. Олардың көбі ҚХР, Өзбекстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы және Ресей Федерациясынан келген. Оның ішінде қандас мәртебесі бойынша (2025ж. – 702) 493 тұлға ҚР қабылдаған. Алыс шетелден 3 тұлға қабылданған.

Қазіргі таңда жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін құжаттарды қабылдау уақытша тоқтатылған. Оның себебін Алматы қаласы Полиция департаменті АСБ бастығы Салтанат Әзірбек былай деп түсіндірді:

«Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға және қандас мәртебесін беру немесе ұзарту мемлекеттік қызметтерін көрсету бойынша пилоттық жобаның жүзеге асырылуына байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.01.2026 жылғы Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға келетін иммигранттарды қоныстандыруға арналған өңірлер айқындалған. Заңнамаға енгізілген өзгерістерге байланысты жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін құжаттарды қабылдау уақытша тоқтатылды. Көші-қон қызметі ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелеріне жүгінген адамдар арасында пилоттық жобаны іске асырудың қолданыстағы тәртібі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде», – делінген ресми хатқа берген жауабында.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, тұрақты тұру үшін Қазақстанға келген шетел азаматтарының басым бөлігі Алматы, Маңғыстау облыстары мен Алматы қаласын таңдаған. Былтыр Алматыға 4068 шетел азаматы қоныстанған.

Қауіпсіздіктің қамы

Тақырыпты тереңдете қарастырмас бұрын мына бір мәселені айта кеткен жөн: Соңғы уақытта Қазақстан азаматтығын алуға мүдделі тұлғалар тарапынан құжат рәсімдеудің қиындай түскенін айтып, шағымданатындар көп. Құжат рәсімдеу бойынша кейбір талап-нормалардың өзгергені рас. Алайда, мұны еліміз қазіргі жаһандық өзгерістер тұсында өзінің ұлттық қауіпсіздігі мен мүддесін қамтамасыз ету тұрғысынан орынды қабылданған шаралар екенін аңғару қиын емес. Мәселені зерттеу барысында мұны ашалап талдап та көрдік.

Азаматтық алу жолы әр елдің заңына қарай әртүрлі. Басым көпшілігінде ел аумағында орта есеппен бес

жылдай тұруы керек. Ал бізде бұл бәріне бірдей шарт емес. Қазақстанмен тарихи, этникалық не отбасылық байланысы бар азаматтар құжатын жеңілдетілген тәртіппен рәсімдей алады. Олардың қатарында әуелі қандастар, қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары, елімізде оқитын этникалық қазақ студенттер, Қазақстан азаматымен отбасын құрғандар мен мемлекетаралық келісімге сәйкес Ресей, Беларусь, Қырғызстан азаматтары бар.

Ал талаптары қандай? Көк төлқұжат алғысы келген кез келген адамның ойында осы сұрақ тұратыны белгілі. Қазақстан азаматтығын алуға үміткерлер мемлекеттік тілді меңгергенін, Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін және Қазақстан тарихын білетінін дәлелдеуі керек. Ол үшін қазақ тілі, Конституция негіздері және Қазақстан тарихы бойынша үш блоктан тұратын тест тапсырады.

Әлемдік тәжірибе



Азаматтық алу процесінің құқықтық қырлары мен соңғы өзгерістерге қатысты журналист Айша Құрманғали өз пікірін бөлісті.

«Мемлекеттік тілді, Қазақстанның тарихы мен Конституциясының негіздерін білу талабын енгізу – азаматтықты тек құқық емес, сонымен бірге жауапкершілік ретінде қарастырудың көрінісі. Азаматтық алушы елдің заңын, тарихын және мемлекеттік тілдің негізгі деңгейін білуі – әлемнің көптеген мемлекеттерінде бар қалыпты тәжірибе. Бұл талаптардың әділ әрі ашық ұйымдастырылуы өте маңызды. Емтихан формалды емес, адамның қоғамға бейімделу деңгейін шынайы бағалайтын құрал болуы керек», – дейді журналист.

Сондай-ақ, ол және Қазақстанның азаматымен некеде тұрған шетелдіктің неке арқылы жеңілдетілген тәртіппен азаматтық алуға да тоқталды.

«Әрине, бұл – отбасы құндылықтарын қолдауға бағытталған норма. Алайда, оны теріс пайдалану фактілерінің алдын алу да маңызды. Егер сот некенің азаматтық алу мақсатында ғана жалған қиылғанын дәлелдесе, азаматтықтың күшін жою мүмкіндігі маңыз-

ды тетік. Бірақ мұндай шешімдер тек нақты дәлелдер мен соттың заңды шешімі негізінде қабылдануы тиіс. Бұл жерде ең бастысы – адал отбасылардың құқығы бұзылмай, жалған неке арқылы заңды айналып өтетін әрекеттерге тосқауыл қою. Қазақстан азаматтығы – жәй ғана құжат емес, ол мемлекетпен өзара сенімнің, ортақ жауапкершіліктің және елдің болашағына ортақ қатыстылықтың белгісі. Сондықтан азаматтық беру рәсімі де ашық, әділ әрі ұлттық мүддені қорғайтын қағидаттарға негізделуі қажет», – деді Айша Құрманғали.

Негізгі қиындық заңда емес



Көші-қон мәселелеріне қатысты істермен жиі бетпе-бет келетін заңгер Камиша Есмұхаметқызы тақырыпқа орай жағдайды ашық айтып берді.

«Бұрын азаматтар көбіне қандай құжат керек екенін сұраса, қазір рәсімнің өзіне қатысты мәселелермен заңгерлік кеңеске жүгінеді. Әсіресе, құжаттарды рәсімдеу мерзімі, әртүрлі мемлекеттік органдардағы ақпараттың сәйкес келмеуі, бұрынғы азаматтықтан шығуды растайтын құжаттар, сондай-ақ мемлекеттік тілді білуге қойылатын талаптар бойынша сұрақтар көбейді. Тағы бір байқалатын мәселе – адамдар заң талаптарын орындауға дайын болғанымен, рәсімнің әр кезеңін түсіну қиынға соғады. Соның салдарынан бір құжаттағы қате немесе ақпараттың толық болмауы бүкіл процесті бірнеше айға созып жібереді», – дейді ол.

Заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістердің мақсаты – азаматтық беру жүйесін ашық әрі қауіпсіз ету. Маманның сөзінше, бұдан жақсы бетбұрыс байқалады.

«Менің ойымша, қайта қарауды қажет ететін мәселе – азаматтықтан бас тарту немесе құжаттарды толықтыру рәсімдерінің нақты әрі бірыңғай регламентінің болмауы. Азамат қай кезеңде тұрғанын, қандай құжат жетіспейтінін онлайн көре алса, дау тумас еді», – деді заңгер.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Дүкендер мен дәріхана сөрелеріндегі дизайны мен атауына қарап, шетелдік деп ойлайтын өнімдердің көбі Алматыда жасалатынын білесіз бе? Қалада ірі зауыттар ғана емес, тұрмыстық және медициналық бұйымдардан бастап, киім-кешекке дейін шығаратын жеңіл өнеркәсіп орындары да қарқынды дамып келеді.

Бізде «Made in Almaty» белгісімен танылған, отандық тауарлар аз емес. Бұл Алматыдағы өндіріс әлеуеті айқындайтын бір көрсеткіш. Отандық өнімдердің ерекшелігі неде? Қандай тауарлар Алматыда өндіріледі? Мегаполистің жеңіл өнеркәсібінің мүмкіндігі қаншалықты? Осы сұрақтарға жауап іздеп, жергілікті өндірістің тыныс-тіршілігіне шолу жасадық.

Логистикалық хаб

Алматы қаласы – елдегі ірі тұтынушылық әрі логистикалық хаб. Шаһардың жеңіл өнеркәсібі тұрғындарды сапалы әрі қолжетімді өніммен қамтып, импортты біртіндеп ысырып келеді. Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаментінің дерегінде, өткен айдағы жағдай бойынша қалада жеңіл өнеркәсіп саласында 698 кәсіпорын тіркелген. Олардың дені – киім өндірісі саласында.

Әдетте, біз Алматыда өндірілетін «отандық өнім» десе, Алатау ауданында орналасқан Индустриялық аймақтағы кәсіпорындарды елестетеміз. Бірақ қалада жеңіл өнеркәсіптегі тоқыма, гигиеналық бұйымдар мен өзге де үйге қажетті тауарлар өндіріледі. Солардың бір-екеуіне тоқталайық. Мейрамханалар мен қонақүйлерде, тіпті сауда орталықтарының біразынан көзіміз шалып қалатын «Dolphin» қағаз сүлгілері бар. Сыртындағы ағылшынша жазуына қарап, көпшілік Түркиядан немесе Еуропадан келетін тауар деп ойлайды. Шындығында, ол алматылық өндіріс зауытының өнімі. Қалада жасалатын осындай сүлгілер мен майлықтар бүгінде Орталық Азия нарығын бағындырып жатыр.

Саладағы жаңа тренд

Кейінгі жылдары қаладағы жеңіл өнеркәсіп саласында бетбұрыс байқалады. Бұрын кәсіпкерлер тауары өтімді болу үшін латынша атауларға әуес болса, қазір бұл стереотип жойылып келе жатқандай. Олай дейтініміз, өнімдеріне «Алматы» сөзін қосуды трендке айналдырған. Мысалы, «Алматы кілем», «Алматы жиһаз», «Almaty Yeast» сияқты компанияларды айтуға болады.

Алматы – халықаралық брендтерді өткізу нарығы ғана емес, сонымен қатар тұтынушылар көбіне импорттық өнім ретінде қабылдайтын тауарлар өндіретін өндірістік алаң деп санайды Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының өнеркәсіп бөлімінің басшысы Сағындық Кенжебаев.

«Мысалы, қалада Hyundai, Chery, Changan, Tank және GWM/Naval халықаралық брендтерінің автомобильдері өндіріледі. Атап айтқанда, қазіргі уақытта Chery Tiggo 2 Pro, Haval Jolion және Changan CS55 Plus модельдері шығарылуда. Тамақ өнеркәсібіндегі ең айқын мысал ретінде халықаралық LOTTE брендімен «ЛОТТЕ Рахат» АҚ өнімдерінің желісін атап өтуге болады», – дейді ол.

Алматыда кәсіпкерлерді қолдау және бизнеске жеңілдікпен несие беру бағытында бірнеше тиімді бағдарламалар да жоқ емес. Ең бастысы – несиені арзан пайызбен алуға және кепілзат мәселесін шешуге мүмкіндік бар. Өз ісін бастайтындар мен шағын бизнеске «Almaty Business – 2030» бағдарламасы арқылы «Almaty Finance» пен «MFO «Almaty» мекемелері жылдық 6% немесе 9%-бен



«MADE IN ALMATY»:

Жеңіл өнеркәсіптің жайы қандай?



7 жылға дейін арзан несие береді. Ал «Jana Business» бағдарламасы бойынша «Даму» қоры арқылы 500 млн. теңгеге дейін, жылдық 12,6%-бен қаржы алуға болады. Бұдан да ірі жобалар үшін қаржы көлемі 7 млрд. теңгеге дейін жететін «Өрлеу» және шағын бизнесті қолдайтын «Іскер аймақ» бағдарламалары жұмыс істеп тұр.

Егер несие аларда банкіге қоятын кепілзатыңыз жетпей жатса, бұл да мәселе емес. «Даму» қоры арнайы екі түрлі кепілдік қоры арқылы сіздің жобаңызға мемлекеттік кепілгер болып бере алады. Осындай қолдаулардың арқасында қалада жаңа өндірістер ашылып, тұрақты жұмыс орындары көбейіп жатыр.

Көш бастаған өнімдер

«Кәсіпорындар өндіретін өнімдер ТМД елдеріне сондай-ақ алыс шет мемлекеттері – Германия, ҚХР, КХДР, Малайзия, Мексика, Моңғолия, Норманд аралдарына, БАӘ, Корея Республикасы, Сауд Арабиясы және Чехия Республикасына экспортталады. 2019 жылы Қазақстаннан тыс жерлерге 3,331 млрд. АҚШ доллары, 2020 жылы – 3,117 млрд. АҚШ доллары, 2021 жылы – 3,9248 млрд. АҚШ доллары, 2022 жылы – 7,3771 млрд. АҚШ доллары, 2023 жылы – 7,5604 млрд. АҚШ доллары, 2024 жылы – 9,254 млрд. АҚШ доллары және 2025 жылы – 9,315 млрд. АҚШ доллары көлемінде өнім экспортталды», – деді Сағындық Кенжебаев.

2025 жылдың қорытындысы бойынша экспорт көлемі бойынша азық-түлік өнімдері, химия өнеркәсібі, металлургия, машина жасау және басқа да салалар көш бастаған. Импортты алмастыру шеңберінде қалада жақын арада отандық дәрілік заттарды, сәулелендіру, электрмедициналық және электротерапиялық медициналық жабдықтарды, оның ішінде гемодиализге арналған жабдықтарды, өрт сөндіру және хабарлау жүйелерін, бақылау-өлшеу жабдықтарын өндіретін кәсіпорындар іске қосылады.

Экономиканың өте маңызды секторы – фармацевтика өнеркәсібі. Ел арасында «сапалы медициналық бұйымдар мен дәрі-дәрмектің көбі Германиядан тасымалданады деген түсінік бар. Алайда, мұндай кәсіпорындардың басым бөлігі республиканың төрт аймағында – Алматы, Шымкент қалаларында, сондай-ақ Алматы және Қарағанды облыстарында шоғырланған. Мысалы, «Dolce-Pharm» қазақстандық фармацевтикалық компаниясы 28 жыл ішінде бір реттік медициналық бұйымдарды өндіру саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

«Dolce-Pharm» өнімдері дәрігердің күнделікті жұмысынан бастап күрделі хирургиялық процестерге дейін қолданылады. Мұндай өнімнің өз қаламызда өндірілуі өте маңызды. Бүгінде компания өз өнімдерін Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Ресей елдеріне экспорттайды.

Басқарма төрағасы Сәуле Макишеваның сөзінше, кәсіпорынның тарихы 1998 жылдан басталады. Осы уақыт ішінде медициналық мақсаттағы бұйымдар өндірісінде үлкен тәжірибе жинап, Қазақстандағы тұрақты отандық өндірушілердің біріне айналды. Компанияның даму тарихы еліміздегі медициналық қауіпсіздік мәдениетінің қалыптасуымен де байланысты.

«Біз Қазақстанда бір реттік медициналық маскаларды қолдану мәдениетін енгізуге және дамытуға алғашқылардың бірі болып атсалыстық. Дәл қазір кәсіпорында 500-ден астам адам еңбек етеді. Мақсатымыз – Қазақстанды медициналық өнімдерді импорттайтын ел ретінде ғана емес, Орталық Азиядағы медициналық және фармацевтикалық өндірістің маңызды орталықтарының бірі ретінде қалыптастыру», – дейді ол.

Экспортқа қолайлы қала

Қазақстанның географиялық орналасуы Орталық Азия елдерімен, ЕАЭО кеңістігімен және басқа да нарықтармен жұмыс істеуге ыңғайлы. Ал Алматы ірі логистикалық орталық ретінде Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай бағыттарына және одан әрі сыртқы нарықтарға шығуға қолайлы орналасқан.

Мысалы, пандемия басталған кезде халықаралық жеткізу жолдары, шекаралар жабылды, логистика күрделенді, шикізатқа сұраныс күрт өсті. Бір мезетте әлемнің көптеген мемлекеттеріне медициналық бетперделер, респираторлар және басқа қорғаныс құралдары қажет болды. Сол кезеңде Қазақстанда жұмыс істеп тұрған отандық өндірістің маңызы ерекше сезілді. Осындай зауыттар үлкен жүктемемен еңбек етті. Себебі, конвейерден шыққан әрбір медициналық бетперденің немесе респиратордың артында дәрігердің, медбикенің, емделушінің және олардың отбасыларының қауіпсіздігі тұр еді.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

АУЫР ӨНЕРКӘСІП

ҚАРҚЫНДЫ ИНДУСТРИЯ

Алматыда автокөлік өндірісі қалай дамып жатыр?

«Бір көліктің құрастырылып шығуына жүздеген адам еңбек етеді. Біреуі металл кеседі, екіншісі дәнекерлейді, енді бірі электр жүйесін тексереді. Жұрт назарына ұсынылатын әрбір техника – осы еңбектің нәтижесі», – дейді Алматыдағы көлік құрастыру кәсіпорындарының бірінде ұзақ жылдан бері жұмыс істейтін өндіріс шебері Мақсат Оспанов. Кейіпкеріміздің бұл сөзі қала экономикасының көпшілікке беймәлім қырынан сыр шертеді.

Иә, мегаполис көбіне қаржы, сауда, туризм және қызмет көрсету орталығы ретінде танылады. Алайда, Алматының батыс бөлігіндегі өндірістік аймақтарда металл өңделіп, шанақтар құйылып, автобустар, арнайы техника және жеңіл автокөліктер құрастырылып жатыр. Бұл – отандық өнім шығаратын, инженерлік кадр қалыптастыратын нақты сектордың көрінісі.

Автокөлік өндірісінің көшбасшысы

2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша шаһар Қазақстандағы автокөлік құралдарын өндірудің ең ірі орталығына айналды. Қалада 488,2 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, республикалық жалпы көлемнің 42,3%-ын иеленді. Бұл көрсеткіш бойынша Алматы Қостанай облысын басып озды, ал екі өңір бірге елдегі автомобильдер, тіркемелер мен жартылай тіркемелер өндірісінің 80%-дан астамын қамтамасыз етеді.

Автомобиль өнеркәсібінің Алматы экономикасындағы салмағы ерекше. Оның үлесі машина жасау саласында – 82,9%, өңдеу өнеркәсібінде – 43,9%, ал жалпы өнеркәсіп өндірісінде – 36,4%. Яғни Алматыдағы әрбір үшінші өнеркәсіптік өнім тікелей немесе жанама түрде көлік өндірісімен байланысты. Қазақстан бойынша қазіргі уақытта жеңіл және жүк автомобильдері, автобустар мен арнайы техника шығаратын 11 кәсіпорын жұмыс істейді. Бұл сала кейінгі жылдары елдегі өңдеу өнеркәсібінің ең қарқынды дамып жатқан бағыттарының біріне айналды.

Былтыр автокөлік өнеркәсібіне 346 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылды. Жаңа өндірістерде автоматтандырылған технологиялар кеңінен енгізіліп, роботтандырылған желілер іске қосылды.

«QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығының Машина жасау саласын дамыту дирекциясының мәліметінше, 2026 жылдың алғашқы екі айында Қазақстанда шамамен, 26 мың жеңіл автокөлік өндірілген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 36% жоғары көрсеткіш. Орталықтың хабарлауынша, өндіріс көлемінің бұлай өсуі Алматы қаласындағы Astana Motors Manufacturing Kazakhstan және Қостанай облысындағы KIA Qazaqstan жаңа зауыттарының іске қосылуымен байланысты. Astana Motors Manufacturing Kazakhstan кәсіпорны Индустриялық аймақта орналасқан және толық циклді өндіріс элементтерін қамтиды. Зауытта дәнекерлеу, бояу және құрастыру желілері жұмыс істейді. Бұл кәсіпорын қаланың автокөлік өндірісіндегі негізгі тіректердің бірі.

Индустриялық аймақ

Алматыда жалпы құны 1,2 трлн. теңгеден асатын инвестициялық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл жобалар машина жасау, ақпараттық технология,



фармацевтика, логистика және тамақ өнеркәсібі сияқты бірнеше бағытты қамтиды. Қалалық Өңірлік коммуникациялар қызметінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов индустриялық аймақта жаңа өндірістер қарқынды дамып жатқанын мәлімдеді.

– Индустриялық аймақта жылына 80 мыңға дейін автокөлік өндіруге қауқарлы Orbis Manufacturing зауыты, сондай-ақ жылына 10 млн. тежегіш жүйелер жиынтығын шығаратын Xianghe Zichen Auto Parts кәсіпорны салынып жатыр. Бұл жобалар 1600-ден астам жаңа жұмыс орнын ашып, өңірдің экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді, – дейді О.Смағұлов.

Бұл мәлімет Алматының тек көлік құрастыратын қала емес, автокомпоненттер өндіретін және өндірістік тізбекті тереңдететін орталыққа айналып келе жатқанын көрсетеді.

Алматы қаласы Индустриялық аймағының директоры Ержан Жайлаубайдың айтуынша, индустриялық аймақта автомобиль жасау, құрылыс материалдарын өндіру, шикізатты қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі салаларындағы жобалар қатар жүзеге асырылып жатыр.

– Автокөлік кластерін қалыптастыру – индустриялық аймақты дамытудың стратегиялық бағытының бірі. Жаңа кәсіпорындар қосымша жұмыс орындарын ашып, аралас салалардың дамуына ықпал етеді. Индустриялық аймақта бүгінде Harmony Cable, Valtherm, Astana Motors Manufacturing Kazakhstan, Orbis Manufacturing, ALMA-ATA MACHINERY MANUFACTURING CO., LTD, BETA INTERNATIONAL және KZ Recycling сияқты кәсіпорындар жұмыс істейді немесе іске қосылу кезеңінде тұр, – дейді Ержан Жайлаубай.

Кластердің ерекшелігі – бірнеше өндірістің бір аумақта шоғырлануы. Мұндай модель логистикалық шығындарды азайтып, жеткізушілер тізбегін қалыптастырады және өндірістің жергілікті құрам үлесін арттырады.

Сарапшылар не дейді?

Қазақстан Автокөлік Одағының президенті Анар Мақашева автокөлік өндірісінің тұрақты дамуы үшін локализация деңгейін арттырудың маңызын бірнеше рет атап өтті.

– Автокомпоненттер өндірісін дамыту көлік құралдарының өзіндік құнын төмендетуге, өндірістегі қосылған құнды ел

ішінде қалдыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді, – деді ол. Қаладағы жаңа жобалардың басым бөлігі дайын көлік құрастырумен қатар, тежегіш жүйелері, электр жабдықтары, металл бөлшектері және басқа да компоненттер өндірісімен байланысты.

Ал экономист Арман Бейсембаев машина жасау саласының технологиялық маңызына назар аударды. Оның айтуынша, автокөлік өндірісі инженерлік кадрларды даярлау мен жоғары өнімді жұмыс орындарын қалыптастыру тұрғысынан ерекше мәнге ие. Яғни ол өңдеу өнеркәсібін экономиканы әртараптандырудың негізгі құралдарының бірі деп бағалайды. Мәселен, қызмет көрсету секторы қаншалықты маңызды болғанымен, нақты сектор экспорттық әлеует пен өнеркәсіптік тәуелсіздіктің негізін қалыптастырады.

Болашақтың бағыты

Шаһардағы өндірістік жобалардың тағы бір ерекшелігі – олардың экспорттық әлеуеті. Индустриялық аймақта жұмыс істейтін бірқатар кәсіпорын өнімдерін Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей және Әзербайжан нарықтарына жеткізіп отыр. Мәселен, Harmony Cable өнімдерін Қырғызстан мен Тәжікстанға экспорттаса, Valtherm жылыту радиаторларын Ресей мен Әзербайжанға жөнелтеді. Сонымен қатар, қалада жаңа индустриялық колледж ашу жоспарланып отыр. Ол жұмыс істеп тұрған және іске қосылатын кәсіпорындарға қажетті техникалық мамандарды даярлауға бағытталады. Бұл өндіріс пен білім беру арасындағы байланысты күшейтетін маңызды қадам.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев машина жасауды экономиканы әртараптандырудың басым бағыттарының бірі екенін мәлімдеді. Мемлекет басшысы заманауи өндірістерді құру, озық технологияларды енгізу және арнайы техника өндірісін кеңейту қажеттігін де атап өткен болатын.

Алматыдағы қазіргі үрдіс дәл осы мақсаттармен сәйкес келеді. Қалада көлік өндірісі индустриялық кластер қалыптастыру кезеңіне өтті. Автокомпоненттер өндірісі, логистика, қайта өңдеу және инженерлік инфрақұрылым қатар дамып келеді. Егер қазіргі инвестициялық жобалар толық іске асса және автокомпоненттер өндірісі кеңейсе, Алматы Қазақстандағы ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы маңызды автомобиль жасау орталықтарының біріне айналуы әбден мүмкін.

Дана САДЫРҚАН.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қаладағы LRT бірінші желісінің құрылысына дайындық жұмыстары жалғасып жатыр. Қазіргі кезеңде негізгі жұмыстар Б.Момышұлы және Төле би көшелерінде жүргізілуде. Мұнда желі өтетін аумақты дайындау және құрылыс аймағына кіретін инженерлік коммуникацияларды қайта орналастыру жұмыстары қолға алынған.

LRT ЖОБАСЫ

375 инженерлік желі қайта орналастырылады

Жоба аясында барлығы 375 инженерлік желіні, оның ішінде жылу, байланыс, сумен жабдықтау және кәріз, нәсер кәрізі, газбен және электрмен жабдықтау желілерін қайта орналастыру көзделген.

Мамандардың айтуынша, Б.Момышұлы көшесінде, оның ішінде болашақ депо орналасатын аумақта 9 инженерлік коммуникация қайта орналастырылады. Қазір оның 4-еуі бойынша жұмыс аяқталған. Төле би көшесінде 269 желіні қайта орналастыру қажет болса, оның 34-інде жұмыстар аяқталды. Абылай хан даңғылында тағы 67 инженерлік желіні қайта орналастыру көзделіп отыр.

Бүгінде ескі трамвай рельстері алынып, жолдың ортаңғы екі жолағында топырақ қазу жұмыстары жүргізілді. Жұмысты ұйымдастыру кезінде шеткі жолақтарда көлік қозғалысын барынша сақтау қарастырылған. Инженерлік желілерді қайта орналастыру қажет болған жағдайда жол қозғалысы қарсы бағыттағы бір жолақ арқылы ұйымдас-тырылады. Мұндай жұмыстарға байланысты кейбір учаскелердегі шектеулер, әдетте, бір-екі күннен аспайды.

Инженерлік желілерді қайта орналастыру жұмыстары LRT желісі өтетін аумақты дайындаудың қажетті кезеңі екені белгілі. Кейбір учаскелер босатылған сайын желі құрылымдарын орнату, шпал мен рельс төсеу және басқа да жұмыстар басталады.

Айта кетейік, құрылыс-монтаж жұмыстары қыс мезгілінде де жалғасады. Температура төмендеген кезде топырақты қорғау, қысқы жағдайда бетон құю, құрылымдарды жылылау және бетонның қажетті беріктікке жетуін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы технологиялық шаралар қолданылады. Жобалық шешімге сәйкес, LRT бірінші желісінің бірінші кезеңі Алатау ауданындағы индустриялық аймақта, Мөңке би және Б. Момышұлы көшелерінің маңында орналасатын деподан басталады. Одан әрі желі Б.Момышұлы көшесімен Төле биге, Төле би көшесі арқылы шығыс бағытта Абылай хан даңғылына, одан әрі «Алматы-2» темір-жол вокзалына дейін жалғасады. Соңғы станция ретінде «Райымбек батыр» көлік-ауысу торабы қарастырылған.

Ең жоғары техникалық жылдамдығы 65–70 км/сағ болатын LRT желісінің бірінші кезеңі толығымен жерүсті бағытта болады. Жоба аясында эстакада салу жоспарланбаған, қолданыстағы көпір құрылымдарын күшейту қарастырылған. Бұл қоғамдық көлік қозғалысына басымдық беріп, оның жылдамдығы мен тұрақтылығын арттыруға және жол-көлік оқиғаларының қаупін азайтуға жағдай жасайды.

LRT бірінші желісін 2027 жылдың соңында іске қосу жоспарланып отыр. Бұл мерзім қажетті көлемдегі жылжымалы құрамды дайындау және жеткізу кестесіне байланысты өзгеруі мүмкін.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

Қоғамда аналарға ескерткіш қою туралы бастама көтеріліп, талай мәрте айтылғанымен, әлі күнге жүзеге аса қойған жоқ. Есесіне, 2014 жылы Орта Азия мемлекеттері арасында алғаш рет Алматыда аналарға арналған «Анаға құрмет» музейі ашылды. Аталмыш мұражай ананың, әйел затының отбасы мен қоғамдағы, ел тарихындағы орнын дәріптеуге арналған бірегей мәдени мекеме. Мұнда тарихи жәдігерлермен қатар, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын рухани-ағартушылық орталық қалыптасқан. Осы орайда музейдің меңгерушісі Гүлнәр ӘБІШТІ сөзге тарттық.

АНАНЫ АРДАҚТАҒАН КИЕЛІ ОРДА

Көшпелі көрме

– Гүлнәр Әбішқызы, сұхбатымызды өзіңіз басшылық етіп отырған музейдің негізгі бағытынан бастасаңыз...

– Кезінде «аналарға арнап музей ашылады» дегенде, өз басым қатты қуанған едім. «Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды» демекші, қазіргі кезде талай елге белгілі тұлғалар осында келгенде аналарын еске алып, бірі мұңайып, бірі қуанып жатқанына куә боламыз. Біздің ең басты мақсатымыз да ананың қоғамдағы рөлін дәріптеу ғой. Сөз жоқ, ананы құрметтеу арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттап, өскелең ұрпақты да рухани және патриоттық сезімде тәрбиелеуге болады. Ол дәлелді қажет етпейді. Біз жиі-жиі көшпелі көрмелер ұйымдастырып, ел ішін аралап, сапарлап кетеміз. Солай ете жүріп, көпшілікке музей қорындағы құнды жәдігерлерді таныстырамыз. Сондағы байқағаным, анаға деген құрметтің ерекше екендігі. Ал негізгі бағытымызға келсем, ең алдымен қазақ аналарының өнегелі өмір жолын насихаттап, олардың отбасы мен қоғамдағы еңбегін дәріптеуге ерекше мән береміз. Бүгінде «Анаға құрмет» музейін тек Қазақстанда емес, ұлтың мәдени бренді ретінде шетелде таныту да маңызды бағыттардың біріне айналып отыр.

– Музейге енгізілген жаңалықтарға тоқтала кетсеңіз?

– Иә, музей қорын толықтыру, экспозицияларды жаңғырту сынды ауқымды жұмыстарды әлі де жүргізіп жатырмыз. Соңғы уақытта мыңға жуық жаңа экспонатты қабылдадық. Қазір музей аумағында «Тас паркінің» негізі қаланып жатыр. Бұған қоса, Күлтегін ескерткішінің еліміздегі үшінші көшірмесі музей ауласына орнатылды. Сондай-ақ, «Ұлы Ана» төсбелгісі тағайындалып, музей қорына табысталды. Бұл да экспозиция қатарын толықтырады дер едім.

– «Ұлы ана» марапатының қоғамдағы маңыздылығы туралы айтсаңыз. Реті қалай, ол кімдерге табыс-талады?

– Бұл – қоғамдағы ана еңбегін дәріптеуге, отбасы құндылықтарын насихаттауға және ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосқан аналарды қоғамдық тұрғыда мойындауға бағытталған марапат десек болады. Әрі осынау марапат ананың тек отбасы емес, тұтас қоғамның рухани тірегі ретіндегі мәртебесін айқындайды. Мәселен, биыл осы марапқа Абай облысының тұрғыны Сәуле Арғынбаева есімді анамыз ие болды. Ол кісіге Бас жүлде мен 5 миллион теңге табыс етілді. Екінші орын – 1 миллион теңге қызылордалық Ләйле Ноғайқызына, ал үшінші орын – 500 мың теңге Жетісу облысынан Түркен Кенбаеваға бұйырды. Ал «Ұлы ана» марапатының 1-ші реттік белгісі осы музейіміздің іргетасын қалаушы Шпекбаевтар әулетінің асыл аналары Күлиман ана бұрышына қойыл-

ды. Осылайша «Ұлы Ана» төсбелгісінің ең алғаш иегері болып, 8 бала дүниеге әкелген анамыз марапатталды. Қазіргі таңда Күлиман ананың 3 баласы профессор атанып, еліміздің ғылым саласында еңбек етіп жүр.

Ұлттық құндылығымызды әлем таниды

– Жыл сайын шетелдерде көрме ұйымдастырып, құнды жәдігерлерімізді дәріптеп келесіздер. Өзге мемлекеттермен байланыс орнатудың тиімділігі неде? Пайдалы тұсы бар ма?

– Биыл Венгрия, Норвегия және Әзербайжан мемлекеттерінен шақырту келді. Енді сол елдерде көшпелі көрме өткізіп, қазақ халқының мәдени мұрасы мен ұлы аналарымызды таныстыруды көздеп отырмыз. Халықаралық байланыстар музей жұмысының дамуына үлкен серпін береді. Біріншіден, тәжірибе алмасуға мүмкіндік туса, мәдени ынтымақтастық нығайып, жаңа жобалар мен көрмелер ұйымдастыруға да жол ашылады. Ең бастысы, қазақ аналарының өнегесін және ұлттық құндылықтарымызды әлемге танытуға мүмкіндік береді.

– Келушілердің ерекше қызығушылығын тудыратын экспозициялар, жәдігерлерге де тоқталсаңыз...

– Иә, музейге келген қонақтар көбіне қазақ аналарының күнделікті тұрмыста пайдаланған заттарына ерекше қызығушылық танытып жатады. Сосын Күлтегін ескерткішінің көшірмесі мен ерте ғасырдағы ана келбетіндегі балбал тас



Жастардың қызығушылығы артты

– Музейге жастар келе ме?

– Сауалыңыз өте орынды. Бұл да өзекті мәселе екені жасырын емес. Сондықтан жастармен жұмыс жүргізу біздің басты бағыттарымыздың біріне айналып отыр. Негізінен, біз «Нархоз» университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы және өнер колледждерімен тығыз байланыстамыз. Бұған қоса, әлеуметтік желілер арқылы музей қызметін кеңінен насихаттап, жастардың қызығушылығын арттыруға күш салып жатырмыз.

– Алдағы жоспарыңызбен де бөліссеңіз... Жағымды жаңалықтарыңыз бар ма?

– Әрине, мұнда келген әрбір қонақ ерекше әсер алып, Ананың құдіретін тереңірек сезінсе дейміз. Сосын музейге келушілер үшін қолжетімділікті арттырып, тегін кіру мүмкіндіктерін де қарастырып жатырмыз. Болашақта меценаттар үш қабатты жаңа ғимарат салып беруге уәде берді. Сонымен қатар, интерактивті экспозицияларды көбейтіп, келушілер кейбір тарихи бұйымдардың көшірмелерін қолмен ұстап көре алатындай арнайы танымдық алаңдар ашу көзделіп отыр. Мұндай жобалар музейді заманауи талаптарға сай дамытып, келушілердің қызығушылығын арттыра түсетініне сенеміз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.





«ҚАЛА СЕНЕН БАСТАЛАДЫ»

ALMA LOVE – 2026 жастар фестивалі өз мәресіне жетті

Алматыда Халықаралық жастар күніне орай ұйымдастырылған ALMA LOVE 2026 жастар фестивалі аяқталды. Алматы қалалық Жастар саясаты басқармасы өкілдерінің айтуларына, 10 күнге созылған фестивальге 20 мыңнан астам алматылық жас қатысып, бағдарлама 50-ден астам мәдени, білім беру, спорттық, экологиялық және қоғамдық іс-шараны қамтыды.

Фестивальдің гранд-финалы 12 тамызда «Шабыт» жазғы амфитеатрында өтті. Іс-шараның негізгі тақырыптары «Адал азамат» құндылықтары, «Заң және тәртіп» қағидаты және «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы болды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, өскелең

ұрпақтың отаншылдығы – болашаққа деген шынайы ұмтылыс. Президент жастарға, олардың күш-жігеріне, таланты мен біліміне үлкен сенім артады. Біз өз тарапымыздан бұл сенімді нақты істермен ақтап, жастардың жан-жақты дамуына жағдай жасауымыз керек», – деді Алматы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов.

Бүгінде Алматыда 770 мыңға жуық жас тұрады. 2026 жылы қала алғаш рет QS Best Student Cities рейтингі бойынша әлемнің үздік студенттік қалалардың ТОП-80 қатарына енді. Жас ғалымдарға арналған өңірлік ғылыми гранттар енгізіліп, 30 жобаға қолдау көрсетіледі. Сондай-ақ, «Жастар қатысатын бюджет», Youth Nomads және қалалық комьюнити-орталықтардың жобалары жүзеге асырылып келеді.

«Заң және тәртіп» қағидаты мен «Таза Қазақстан» бастамасына да ерекше назар аударылады. Қалада мыңнан астам жастың

басын қосқан «Әділет жастар одағы» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Алматыда егілген әрбір үш көшеттің бірін жастар отырғызған.

Экологиялық тақырып ALMA LOVE бағдарламасынан да көрініс тапты. Фестивальде бөлек жиналған қалдықтарды қабылдауды экологиялық ағарту жұмыстарымен ұштастыратын Алматыдағы алғашқы жылжымалы интерактивті экологиялық зертхана – «Эко-Трак» жұмыс істеді. Финалда көрермендер қоғамдық орындардың тазалығын сақтауға және қоқыс қалдырмауға шақырылды.

Фестиваль бағдарламасына еріктілік және әлеуметтік жобалар, ұлттық ойындар, зияткерлік алаңдар мен шығармашылық байқаулар да енді. Жеке бөлім қазақ тіліне, білім мен мәдениетке арналды. Финалда спорт, мәдениет, еріктілік, әлеуметтік және инклюзивті бастамаларды дамытуға үлес қосқан алматылық жастар марапатталды.

Музыкалық кеште «Сардар» тобы,

AZHAR NAZAR, Ualimyrza, Ualikhan, KENZHE, Қазыбек Құрайыш және Нұржан Керменбаев өнер көрсетті. Кеш Алматы жастарының әнұранымен аяқталды.

ALMA LOVE фестивалі Алматыда екінші жыл қатарынан өткізіліп отыр. 2025 жылы оған 5 мыңнан астам жас қатысса, биыл фестиваль 20 мыңнан астам жасты біріктірді.

«Заманауи жастар саясаты – тек іс-шаралар мен жобалардан тұрмайды. Бұл отаншылдықты ісімен көрсететін, «Адал азамат» құндылығын адал еңбек пен жауапкершілік арқылы танытатын, «Заң және тәртіп» қағидатын заңға және айналасындағыларға құрметпен ұстанатын, ал «Таза Қазақстан» идеясын қаласына күнделікті қамқорлық жасау арқылы жүзеге асыратын ұрпақты қалыптастыру», – деп сөзін түйіндеді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

КӨРМЕ

АРМЯННЫҢ АЛУАН БОЯУЫ

Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің «Акварель» залында «Армения палитрасы» атты көрме ашылды. Оған отызға жуық шығарма қойылған.

Армения Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі мен Армения Республикасының Алматы қаласындағы Құрметті консулдығының қолдауымен ашылған көрменің салтанатты рәсімінде алғашқы сөзді Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің директоры Гүләйім Жұмабекова алды. Ол жылы лебізін білдіріп, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтауын оқып берді. «Қазақстан мен Арменияны екі халықтың мәдениеті мен дәстүрін өзара құрметтеуге негізделген көпжылдық қарым-қатынастар байланыстырады. Мұндай жобалар бірлескен жұмыстарға негіз қалайды. Баршаңызға экспозициядан жарқын әсер алуларыңызды тілеймін», – делінген құттықтау хатта.

Сөз алған Армения Республикасының Қазақстан Республикасындағы елшісі Армен Гевондян да өз ілтипатын жеткізді.

– Көрмені ашу мен үшін үлкен мәртебе. Бұл жәй ғана картиналардың көрмесі емес, елдер арасындағы достықтың дәлелі. Өзге халықтың өнер туындыларын көрсету – оның мәдениеті мен дәстүріне деген құрметтің белгісі, – деді ол.

Экспозиция арасында әлемдік теңіз пейзажы өнерінің аса көрнекті өкілдерінің бірі шебері Иван Айвазовскийдің «Кешкі дұға» және «Чумақтар керуені» атты екі туындысы бар. Екеуі де бұған дейін де көрмеге қойылғанымен, көпшілікке өте сирек көрсетіледі.

«Армения палитрасында» Мартирос Сарьян, Минас Аветисян, Дмитрий Налбандян, Мариам Асламазян, Александр және Лавиния Бажбеук-Меликян, Эдуард Исабекян, Оганес Зардарян, Григор Ханд-



жян, Роберт Элибекян секілді суретшілердің де жарқын бояулы шығармаларын көруге болады.

– Бұл біздің музейдегі армян суретшілерінің алғашқы көрмесі емес. Бұған дейін 2017 жылы осындай экспозиция ұйымдастырған едік. Ол көрермендердің үлкен қызығушылығын тудырды. Біздің қорда көркемдік құндылығы жоғары армян өнері туындыларының маңызды топтамасы сақталған. Жинақтың негізгі бөлігі сонау 1960–1970 жылдары көрме жұмыс-

тары, музейаралық мәдени алмасу тәжірибесі және көркемөнер ұйымдарынан келіп түскен туындылар есебінен қалыптасты, – дейді көрме кураторы Бибігүл Құсайынова.

Көрмеден орын алған «Қара шашты ару», «Бюракандық қария мен Артаваздик ғибадатханасы», «Қызғылт көйлекті қыз», «Колхозшы әйелдер» картиналары да өз дәуірінің бейнесін



көрсетеді. Экспозициядан пейзаж, портрет, натюрморт және тақырыптық композициялармен қатар, мүсіндер мен сәндік-қолданбалы өнер туындыларын да көруге болады. Әр шығарма келушілерге армян мәдениеті мен өнерінің сан қырын таныстырады.

Ұсынылған коллекция армян шеберлерінің жоғары кәсіби деңгейін ғана емес, өзара құрметке, шығармашылық ықпалдастыққа және ортақ мәдени мұраны сақтауға негізделген Қазақстан мен Армения арасындағы көпжылдық мәдени байланыстарды да паш етеді.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖАҢА ӘДІС

жанға дауа сыйлады

Елімізде өкпе обырын төмен дозалы компьютерлік томография (ТДКТ) арқылы скринингтен өткізе бастады. Жаңа әдіс ісіктің алғашқы белгісі пайда болғанға дейін, көлемі небәрі бірнеше миллиметр болған кезден-ақ анықтауға мүмкіндік береді. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте диагностиканың жаңа мүмкіндігі туралы Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының мамандары егжей-тегжейлі айтып берді.

Өкпе обыры – онкологиялық аурулардың ең көп тараған түрлерінің бірі. Қатерлі ісіктен болатын өлім-жітімнің де көбі осы кеселден дейді сарапшылар. Жыл сайын осындай 3,8 мыңнан астам науқас анықталып, екі мыңдай адам қайтыс болады екен.

Мамандардың айтуынша, науқастардың көбі дәрігерге аурудың III–IV сатысында бір-ақ қаралатын көрінеді. Бірінші сатыда сәтті емделу мүмкіндігі әлдеқайда жоғары: бес жылдық өмір сүру көрсеткіші 90%-ға дейін жетуі мүмкін, кейбір науқасқа хирургиялық ем де жеткілікті. Сондықтан Қазақстанда ауруды ертерек анықтауға басымдық беріп отыр.

Ерте анықтайтын негізгі әдістің бірі – төмен дозалы компьютерлік томография (ТДКТ). Кәдімгі рентгеннен айырмашылығы – компьютерлік томография өкпенің қабат-қабат кескінін алып, ең ұсақ өзгерісті де анықтайды. ТДКТ кезінде дәрігер қалыңдығы бір миллиметрдей болатын кескінді алып, көлемі небәрі екі-үш миллиметрлік ошақтарды көре алады.

Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының радиология және ядролық медицина бөлімінің меңгерушісі Жандос Аманқұловтың айтуынша, процедураның өзі санаулы секундқа ғана созылады екен, яғни аса көп уақыт алмайды, дайындықты да қажет етпейді.

«Ашқұрсақ жүріп, алдын ала талдау тапсырып, күнделікті ішетін дәріні тоқтатудың қажеті жоқ. Контрастты зат та



қолданылмайды. Түсірілімнің өзі 10–15 секундқа созылады, құжатты рәсімдеуді қосқанда, шамамен, 15 минут уақыт қана алады. Сонымен қатар, пилоттық жоба аясында кескіндерді Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының сарапшылары жасауды интеллект технологиясын қолдана отырып орталықтандырылған түрде қайта оқиды», – дейді Жандос Аманқұлов.

Мамандардың айтуынша, ЖИ-ді пайдалану мен түсірілімді қайта тексеру ең алдымен диагностика дәлдігін арттыру үшін қажет. Өйткені, ұсақ күмәнді өзгерісті дер кезінде байқап қана қоймай, адамды басы артық қосымша процедураға жібермеуге тырысу керек.

Биылғы 10–15 тамыз аралығында еліміздің барлық өңірінде өкпе обыры туралы хабардарлықты арттыру апталығы өтіп жатыр. Акция аясында ТДКТ көмегімен 1600-ден астам адамды тексеру жоспарланған. Бірінші кезекте жасы 50-ден асқан, қазіргі уақытта шылым шегетін немесе бұрын шеккен және ұзақ жылдан бері темекі тартатын адамдар тегін тексеруден өте алады. Қауіп тобы-

на шаң, түтін, химиялық және канцерогенді заттармен тұрақты байланыста болатын зиянды өндіріс жұмысшылары да кіреді.

Жандос Аманқұловтың айтуынша, скринингке пациенттерді іріктеу критерийлері ірі халықаралық зерттеудің нәтижесіне негізделіпті.

«50 мыңнан астам адам қатысқан америкалық NLST зерттеуі төмен дозалы КТ қолдану өкпе обырынан болатын өлім-жітімді 20 пайызға төмендететінін көрсетті. Еуропалық NELSON зерттеуінде ер адамдар арасында өлім-жітімнің 24 пайызға, ал әйелдер арасында 33 пайызға дейін төмендегені анықталды. Скрининг – барлығына арналған тексеру емес, пайдасы ең жоғары болатын жоғары қауіп тобындағы адамдарға бағытталған құрал», – деп түсіндірді ол.

Өкпе обырының ерекшелігі – оның ерте сатысында адам көбіне ағзасында ешқандай өзгеріс сезбейді. Алғашқы байқалатын белгілер әлдеқайда кейін пайда болуы мүмкін. Ұзақ уақытқа созылған немесе сипаты өзгерген жөтел, еңтігу, кеуде тұсының ауыруы, қақырықта

қаннның болуы, себепсіз салмақ жоғалту мен әлсіздік алаңдатуы тиіс. Алайда, дәрігерлер скринингтің мақсаты дәл осы белгілер пайда болғанға дейін ауруды анықтау екенін айтып отыр.

Темекі шегетін адамдардың өкпесіндегі өзгерісті байқау қиын. Олар жөтелді үйреншікті жағдай деп қабылдап, дәрігерге қаралмай жүре беруі мүмкін. Сондықтан ТДКТ ең алдымен шағымы жоқ, бірақ аурудың даму қаупі жоғары адамдарға арналған.

Тексеру кезінде табылған түзіліс адамның қатерлі ісікке шалдыққанын білдірмейді. Өкпеде ұсақ ошақтар жиі кездеседі. Олар бұрын болған инфекцияның салдары, тыртықты өзгеріс немесе қатерсіз түзіліс болуы мүмкін.

Одан арғы тактика анықталған өзгерістің сипатына байланысты. Кей жағдайда адамға белгілі бір уақыттан кейін ТДКТ-ны қайталау ұсынылады, ал басқа жағдайларда онкологтың кеңесіне және қосымша тексеруге жіберіледі. Күмәнді өзгеріс анықталған кезде контрастпен компьютерлік томография, ПЭТ/КТ, бронхоскопия немесе биопсия қажет болуы мүмкін.

Маман пациентті одан әрі емдеу туралы шешімді бірнеше маман бірлесіп қабылдайтынын атап өтті.

«Емдеу тактикасын бір ғана дәрігер емес, мультидисциплинарлық топ – онколог, хирург, сәулелік диагностика маманы, химиотерапевт пен радиотерапевт анықтайды. Егер ауру бірінші сатысында анықталса, көбіне бір-ақ операция жасалады. Қазір мұндай операция көбіне аз инвазивті әдіспен, яғни шағын тіліктер арқылы жасалады», – деді Жандос Аманқұлов.

Сөз соңында құлақтандыру: Алматыда тегін тексеру 10–14 тамыз аралығында сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін Алматы онкологиялық орталығында (Өтепов көшесі – 7) өтеді. ТДКТ-дан өту үшін 8 (7173) 123-952 телефоны арқылы алдын ала жазылу қажет.

«Сұрақ-жауап»
викторинасы

Дүниежүзілік Омырау сүтімен қоректендіру апталығы аясында №2 қалалық Перинаталдық орталықтың мамандары жүкті әйелдерге арналған танымдық «сұрақ-жауап» викторинасын ұйымдастырды.



Болашақ аналар қызықты ойынға қызығушылықпен қатысып, өздерінің білімін де тексеріп, мамандардан пайдалы кеңестер алды. Іс-шараның мақсаты – саналы ана болуды қолдау және емшек сүтінің маңызын насихаттау.

Жалпы, баланың табиғи сүтпен қоректенгені жақсы. Сәби D дәрумені секілді маңызды минералды тұздарды да емшек сүтінен алады және оны жақсы сіңіреді. Қосымша тамақты ерте бере бастау ішек жү-

мысын да, ондағы пайдалы заттардың сіңірілуін де қиындатады. Егер емшек сүті жеткілікті болса, дәрігерлер қосымша тағам беруге қарсы. Өйткені, омырау сүтіндегі кальций бала үшін өте сіңімді екенін есте ұстаңыз.

Сондай-ақ, емізу процесі кезінде ана мен бала арасында өзара қарым-қатынас орнайды. Дәлірек айтсақ, анасының кеудесінде жатқан сәбиде қорғаныш сезімі жоғары болады, эмоционалдық, әлеу-

меттік және физикалық дамуы артады. Омырау сүті организмге толыққанды нәрлі заттардың, микроэлементтердің, дәрумендердің, ферменттердің түсуін қамтамасыз етеді. Бөбектің асқазан-ішек жолының қызметін реттейді. Емшек еміп жүрген балалар жасанды сүтпен тамақтанатын балаларға қарағанда 2,5 есе аз ауырады. Тістердің түйісуін дұрыс қалыптастырады.

Міне, дені сау ұрпақ керек болса, бала емізуден қашпаған жөн.

Суицидтің
жолы кесіледі

Мегаполисте суицидтің алдын алу жұмыстарын күшейту мақсатында арнайы ведомствоаралық комиссия құрылады. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов мәлімдеді.

Оның айтуынша, тиісті шешім жобасы «Қазақстан Республикасы халқы арасында суицидтік мінез-құлықтың профилактикасы жөніндегі 2026–2028 жылдарға арналған Жол картасын» және Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмаларын іске асыру аясында әзірленген.

Бүгінде қалада Психикалық сауықтыру орталығының суицидологиялық қызметі жұмыс істейді. Сонымен қатар, білім беру ұйымдары, ішкі істер органдары, әлеуметтік қорғау мекемелері және өзге де мемлекеттік құрылымдармен бірлескен профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

Алайда, бұл бағыттағы жұмыстың тиімділігін арттыру үшін барлық мүдделі мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіретін бірыңғай тетік қажет. Осыған байланысты қалада Суицидтердің алдын алу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру ұсынылып отыр.

Жаңа комиссия суицидтің алдын алу бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіруге, Жол картасы аясындағы іс-шаралардың орындалуын бақылауға, әрбір суицид жағдайының себептерін жан-жақты талдауға, жүйелі мәселелерді анықтап, оларды шешуге бағытталған ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Айта кетейік, комиссия қызметі қосымша бюджет қаражатын талап етпейді. Оның жұмысы құрамына кіретін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қолданыстағы өкілеттіктері шеңберінде жүзеге асырылады.

Мәслихат қарауына ұсынылған шешім жобасына сәйкес, комиссия құрамын 31 адамнан бекіту жоспарланып отыр. Оның қабылдануы Алматыдағы суицидтің алдын алу іс-шараларын жүйелеп, ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейтуге ықпал етеді.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ

ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

КЕЛІҢІЗ, ШАХМАТ ОЙНАЙЫҚ!



31 телеарна «Информбюро» бағдарламасының 30 жылдығына орай Алматы қаласына жаңа шахмат алаңын сыйлады.

Алматылықтардың сүйікті демалыс орындарының бірі – Тереккүрде салынған жаңа қоғамдық алаңның ашылуына Қазақстан шахмат федерациясының, Медеу ауданы әкімдігінің, 31 телеарнаның және

бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Салтанатты іс-шара барысында Қазақстан шахмат федерацияның атқарушы директоры, халықаралық гроссмейстер Гүлмира Дәулетова мұндай алаңдар болашақ чемпиондарды тәрбиелеуге, тұрғындардың шахматқа сүйіспеншілігін арттыруға көмектесетінін атап өтті.

– Алматыда керемет шахмат кеңістігі ашылды. Бұл балалардан бастап зейнеткерлерге дейін осында бас қосып, шахмат ойнап, демалуға мүмкіндік береді. Бүгінде

елімізде шахмат кеңінен дәріптеліп жатыр. Жас чемпиондарымыз өсіп келеді, – деді Гүлмира Дәулетова.

31 арнаның бас директоры Айгүл Ақсамбиева «Информбюро» бағдарламасының 30 жылдығына орай мегаполиске сыйлық жасауға ниет білдіргендерін атап өтті.

– Алматы қаласының тұрғындары мен шахмат ойынының жанкүйерлеріне осындай сыйлық жасау – біз үшін мәртебе. Бұл жерде тартысты партиялар ойналып, жар-

қын ойлар туындайды, халық игілігіне қызмет етеді деп сенеміз, – деді ол. Салтанатты іс-шарадан кейін жаңа алаңның ашылуына келген көпшілік Қазақстан тарихындағы ең жас гроссмейстер, 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионы Эдгар Мамедов және дүниежүзілік шахмат олимпиадасының қола жүлдегері Гүлмира Дәулетовамен бақ сынасып, шахмат ойнауға мүмкіндік алды.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«ҚАЙРАТ» ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫМЕН ҚОШТАСТЫ

Алматылық «Қайрат» пен болгариялық «Левски» УЕФА Чемпиондар лигасының үшінші іріктеуі кезеңі аясында «Түркістан аренада» қарымта ойын өткізді.



София қаласында өткен бірінші ойында «Қайрат» қарсыласына есе жіберді. Сержио матчтың 90+2-минутында гол соғып, болгариялықтар өз алаңында 1:0 есебімен жеңіске жетті. Орталық стадионда өтетін Канье Уэст концертіне байланысты қарымта ойын Түркістанда өтті. Дегенмен, түркі әлемінің киелі мекенінде алматылық команда қолдаусыз қалған жоқ. 7 мың орынды стадион билеттері бірнеше сағатта толық сатылып етті. Ал клуб және демеушілердің қолдауымен жанкүйерлер үшін Алматыдан еліміздің рухани астанасына арнайы автобустар ұйымдастырылды.

Бірінші кездесуде «Қайрат» қорғанысқа көбірек көңіл бөлсе, екінші ойында алаң қожайыны ретінде әрі есепте қалып тұрған соң, «сары-қаралар» барынша шабуыл жасауға тырысты. Алайда, «Левски» бағыда, бабыда келісіп тұрған команда екені көрінді. Олар қорғаныста да, шабуылда да жинақы ойнады. Алаң иелеріне допқа көп уақыт иелік етіп, қауіпті соққы жасауға мүмкіндік бермеді. Қайта өздері жылдам қарымта шабуылдарға шығып, Темірлан Анарбековтың қақпасына біраз қауіп төндірді.

Ал 13-минутта тіпті есеп ашып үлгерді. Болгариялық шабуылшы Рейналдо алаң ортасынан бастап қақпаға дейін қарсылықсыз жүгіріп өтіп, айып алаңының сыртынан соққы жасады. Жақын бұрышқа ұшқан допты Анарбеков қайтара алмады. Екі доп айырмашылығымен алға шыққан «Левски» ойыншылары бұл сәттен кейін қателіксіз ойнады. Алматылықтар тарапынан жақсы шабуылдар болғанымен, соңғы – шешуі

қадам жетпей жатты. Екінші таймда есепті теңестіруге қарағанда, Рейналдо екінші голын соғуға жақын болды. Осылайша «Қайрат» бұл ойында – 0:1, жалпы есепте 0:2 есебімен жеңіліс тапты.

Ойыннан кейін команданың бас бапкері Рафаэль Уразбахтин жанкүйерлерге жалынды қолдауы үшін алғысын білдірді.

– Бізді қолдауға келген жанкүйерлерімізге алғыс айтқым келеді. Олар тамаша, керемет атмосфера қалыптастырды. Өкінішке қарай, оларды жеңіспен қуанта алмадық. Барынша тырысып ойнадық деп ойлаймын. Кем дегенде бір гол соғуға лайық болдық. Қақпаға жасаған соққыларымыздың саны оны көрсетіп тұр. Бірақ мұнайып отыра бермейміз. Алда бізді өте маңызды матчтар күтіп тұр. Чемпионаттағы ойындар мен Еуропа лигасының топтық кезеңі үшін өтетін матч бар. Сондықтан әрі қарай жылжуымыз керек. Осындай ойындардың арқасында тәжірибе жинаймыз, ол алдағы уақытта көмектеседі деп үміттенеміз, – деді бапкер.

«Қайрат» Чемпиондар лигасындағы жорығын аяқтағанымен, еурожарыстағы жолы тәмамдалған жоқ. Команда беделі бойынша екінші орында тұрған турнир – УЕФА Еуропа лигасының негізгі кезеңіне іріктеудің шешуші сатысында ойнайды. Олардың қарсыласы «Андерлехт» пен ПАОК жұбының жеңімпазы болады. Егер команда осы командалардың бірін жеңетін болса, Еуропа лигасының топтық кезеңінде өнер көрсетеді. Ал жеңіске жете алмаса, УЕФА Конференциялар лигасының негізгі кезеңіне жолдама алады.



YOUTH NOMAD ұлттық спорт фестивалі өтті

Алматыда ұлттық ойындардан Аөткен YOUTH NOMAD фестиваліне 500-ден астам адам қатысты.

Жастарға арналған ALMA LOVE фестивалі аясында ұлттық ойындардан YOUTH NOMAD фестивалі өтті. Іс-шара 10 тамызда FLOW Park аумағында ұйымдастырылып, оған 500-ден астам жас алматылық пен қала тұрғыны қатысты. Қатысушылар асық ату, арқан тарту және басқа да ұлттық ойында бақ сынап, ептілігін, күшін және командалық рухын көрсетті. Фестиваль жастар арасында дәстүрлі ойын мен ұлттық құндылықты дәріптеуге бағытталды.

– Бүгінде ұлттық дәстүрді тек кітаптар немесе аға буынның әңгімелері арқылы ғана

сақтаудың қажеті жоқ. Мұндай іс-шаралар бізге өзіміз қатысып, жарысып, араласуға және осы арқылы мәдениетімізді жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе, ұлттық ойындардың заманауи форматта ұсынылып, жастардың басын қосқаны қызықты, – деді фестивальге қатысушылардың бірі.

Фестивальде жұмыс істейтін жастарға да ерекше көңіл бөлінді. Жас мамандар үшін фестиваль қарым-қатынас орнатуға, команда болып жұмыс істеуге және уақытты бірге өткізуге мүмкіндік беретін алаңға айналды. YOUTH NOMAD фестивалі Халықаралық жастар күніне орай ұйымдастырылған ALMA LOVE аясында өтті. Фестиваль Алматы жастарына арналған түрлі спорттық, мәдени және қоғамдық жобаларды біріктіреді.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы
АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 30 шілдедегі №324 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 5 тамызда №228505 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2026 жылғы 30 шілдедегі

№324

Жол жүрісі қағидаларында реттелмеген бөлікте Алматы қаласында жол жүрісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

«Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 1-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес жол жүрісі қағидаларында реттелмеген бөлікте Алматы қаласында жол жүрісін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы **М.ОТЫНШИЕВ**

Алматы қаласы мәслихатының
2026 жылғы 30 шілдедегі
№324 шешіміне қосымша

Алматы қаласындағы жол жүрісін ұйымдастырудың жол жүрісі қағидаларымен реттелмеген бөлігіндегі қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласындағы жол жүрісін ұйымдастырудың осы жол жүрісі қағидаларымен реттелмеген бөлігіндегі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-бабының 1-1-тармағына сәйкес әзірленді және жол жүрісін ұйымдастыру тәртібін, оның ішінде:

көлік құралдарының тоқтауы немесе тұрағын, соның ішінде тұрақ кеңістіктерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуін;

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес ұсталған көлік құралдарын арнайы алаңдар мен тұрақтарға жеткізу (эвакуациялау), оларды уақытша сақтау, жеткізу (эвакуациялау) және сақтау құнын төлеу, көлік құралдарын қайтаруды;

Алматы қаласында қорғаныс конструкцияларын және реттеуші элементтерді (шлагбаумдарды және басқа да қоршауларды) орнатуды белгілейді.

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті орган – Алматы қаласында жолаушылар тасымалы саласында басшылықты және жолаушылар тасымалы кәсіпорындарының қызметін үйлестіруді, жол жүрісін ұйымдастыруды, сондай-ақ жеке мобильділікті дамытуды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме;

2) уәкілетті ұйым – «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген, Алматы қаласында жол жүрісін ұйымдастыруға жауапты, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

3) басқарушы ұйым – «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген, Алматы қаласының аумағында тұрақ кеңістіктерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

4) тұрақ аймағы – сәйкестендіру нөмірі беріле отырып, аумақтық, функционалдық немесе ұйымдық белгісі бойынша біріктірілген тұрақ кеңістіктері;

5) тұрақ сессиясы – көлік құралының тұрақ кеңістігі аумағында болуының ақы төленуге тиіс уақыт кезеңі;

6) көлік құралын жеткізу (эвакуациялау) – Кодекске сәйкес ұсталған көлік құралын уақытша сақтау үшін эвакуациялау құралдарын пайдалана отырып, арнайы алаңдарға немесе тұрақтарға мәжбүрлі түрде орнын ауыстыру процесі;

7) арнайы алаңдар немесе тұрақтар – жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша құрылатын және коммуналдық меншік болып табылатын арнайы күзетілетін үй-жайлар, алаңдар немесе тұрақтар.

2-тарау. Көлік құралдарының тоқтауы немесе тұрағы, соның ішінде тұрақ кеңістіктерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары

3. Алматы қаласының аумағында көлік құралдарының тоқтауы немесе тұрағы «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Жол жүрісі қағидаларына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №534 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33003 болып тіркелген) Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі қағидаларға, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесіне (бұдан әрі – Жол жүрісі қағидалары) және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Ортақ пайдаланылатын орындарда тұрақ кеңістіктерін уәкілетті органмен келіспей ұйымдастыруға жол берілмейді, бұған ортақ үлестік меншіктегі не мүлік меншік иелері бірлестіктерінің, пәтер меншік иелері кооперативтерінің немесе өзге де заңды баланс ұстаушылардың балансындағы аумақтар қосылмайды.

4. Жеке мобильді көлік құралдарының тұрағына Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы белгілеген арнайы бөлінген орындарда ғана және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жол беріледі.

Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы белгілеген коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерінде көлік құралдарының (жеке мобильді көлік құралдарын қоспағанда) тұрағы Заңның 42-1-бабы 4-тармағының талаптары сақтала отырып жүзеге асырылады.

5. Алматы қаласының аумағында, соның ішінде көше-жол желісінде, сондай-ақ меншік нысаны мен пайдалану тәртібіне қарамастан тұрақ кеңістіктерінде жай-күйі, орнату тәсілі немесе тозу дәрежесі оны сәйкестендіруге кедергі келтіретін не өзгертуге немесе жасыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік тіркеу

нөмірі белгісі бар, сол сияқты бөгде заттарды, материалдарды немесе құрылғыларды пайдалана отырып мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі жасырылған немесе өзгертілген көлік құралының тоқтауына және (немесе) тұруына жол берілмейді.

6. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүргізу, аумақты санитариялық тазарту мен жинау, төтенше жағдайлардың салдарын жою, сондай-ақ бұқаралық іс-шараларды өткізу мақсатында уәкілетті орган тұрақ кеңістіктерінің жекелеген аумақтарында көлік құралдарының тоқтауы мен тұруына уақытша шектеулер немесе тыйымдар енгізеді.

Көше-жол желісінің жекелеген учаскелерінде жолдар мен тротуарларды қар мен мұздан уақытылы тазартуды қамтамасыз ету мақсатында көлік құралдары тұрағының арнайы режимдері, соның ішінде уақытша (күндізгі, түнгі) шектеулер белгіленуі мүмкін. Мұндай шектеулердің тәртібі мен мерзімдерін жергілікті атқарушы орган белгілейді және бұл ақпарат Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурстары және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы міндетті түрде халықтың назарына жеткізіледі.

7. Осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген уақытша шектеулер немесе тыйымдар жол жүрісін ұйымдастырудың мынадай техникалық құралдарының бірін немесе бірнешеуін пайдалана отырып белгіленеді: уақытша жол қоршаулары (конустар, барьерлер, қалқандар), өзгермелі ақпараты бар табло, ақпараттық қалқандар немесе жол жүрісіне қатысушыларды көрнекі ақпараттандыруды қамтамасыз ететін өзге де құралдар.

Уақытша шектеулерді немесе тыйымдарды енгізу туралы ақпаратты уәкілетті орган және (немесе) басқарушы ұйым олар енгізілгенге дейін кемінде 24 сағат бұрын ресми интернет-ресурстарда ашық қолжетімділікте жариялауы тиіс, бұған мұндай шектеулер немесе тыйымдар кезек күттірмей енгізілетін шұғыл ден қою жағдайлары (қар жауу, сел, төтенше жағдайлар және басқалары) жатпайды.

8. Уақытша шектеулер енгізілген тұрақ кеңістіктері және өзге де орындар мұндай шектеулердің қолданылу мерзімі ішінде пайдалануға жабық болып есептеледі.

9. Алматы қаласының тұрақ кеңістіктері меншік түріне байланысты коммуналдық және жеке болып бөлінеді: коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктері – Алматы қаласы әкімдігінің шешімімен белгіленген, коммуналдық меншіктегі кеңістіктері;

жеке тұрақ кеңістіктері – көлік құралдарын орналастыруға арналған ғимаратқа, құрылысқа, жер учаскесіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде иелік ететін жеке тұлға, мемлекеттік емес заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер ұйымдастырған кеңістіктер.

10. Алматы қаласының аумағында ұйымдастырылған тұрақ кеңістіктері меншік түріне қарамастан мынадай түрлерге бөлінеді:

тротуар үлгісіндегі орынтұрақтар;
алаң үлгісіндегі орынтұрақтар;
жерасты паркінтері;
тоғыстырушы орынтұрақтар;
жабық үлгідегі жерүсті орынтұрақтары (көп деңгейлі);
механикаландырылған орынтұрақтар;
жеке мобильді көлік құралдары тұратын орындар.

1-параграф. Орынтұрақ кеңістіктерін ұйымдастыру

11. Алматы қаласының аумағында тұрақ кеңістіктерін жоспарлау, жобалау және салу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Алматы қаласының аумағындағы коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктері аймақтарға бөлінуі тиіс және олардың түрі мен үлгісіне қарамастан тұрақ аймақтарына бөлінеді.

12. Басқарушы ұйым коммуналдық ақылы тұрақ аймағын құру жөніндегі құжаттаманы, соның ішінде тұрақ паспортын дайындайды және оларды уәкілетті органмен келіседі.

Тұрақ паспортында көлік құралдарын орналастыру схемасы, орын саны, жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары, техникалық сипаттамалары, кадастрлық нөмірі және тұрақ аймағын ұйымдастыруға қажетті өзге де параметрлер көрсетіледі.

13. Тротуар үлгісіндегі коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктері мемлекеттік жер қорының жерлерінде жер учаскесіне құқық берілмей ұйымдастырылады.

Алаң үлгісіндегі тұрақ аймақтарын ұйымдастыру үшін басқарушы ұйымның немесе өзге иеленушінің иелігінде (пайдалануында) жер учаскесінің болуы міндетті.

Жеке мобильді көлік құралдарының тұрақ орындары мемлекеттік жер қорының жерлерінде жер учаскесіне құқық берілмей ұйымдастырылады.

14. Тұрақ кеңістіктерінің шекаралары нақты белгіленеді. Шекараларды белгілеу ретінде осы Қағидаларда көзделген тұрақ кеңістіктерінің үлгісіне қарай жол төсемінің конструкциялық элементтері, жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары, уақытша немесе тұрақты қоршаулар (соның ішінде қорғаныс элементтері бар) пайдаланылады.

Жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары Жол жүрісі қағидаларының талаптарына сәйкес орнатылады, бұған жеке мобильді көлік құралдары тұратын орындар қосылмайды.

Тротуар үлгісіндегі коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерінің көк түсті жол таңбасы болуы мүмкін.

15. Автокөлік құралдарының тұруы үшін ақылы тұрақ кеңістіктерін ұйымдастыру кезінде мыналардың міндетті түрде мыналардың болуы қамтамасыз етіледі:

1) Жол жүрісі қағидаларына сәйкес жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары;

2) мынадай ақпаратты қамтитын ақпараттық қалқан (маңдайша):
басқарушы ұйымның немесе иеленушінің атауы;
жұмыс режимі;
тариф;
төлем тәсілдерінің тізбесі;
call-орталықтың телефоны,
басқарушы ұйымның немесе иеленушінің веб-сайты;
мобильді қосымшаның атауы (болған жағдайда).

16. Жеке мобильді көлік құралдары тұратын орындар 1-суретке сәйкес жол таңбасын салу арқылы ұйымдастырылады.



1-сурет. Жеке мобильді көлік құралдары тұратын орындардың жол таңбасы.

17. Жеке мобильді көлік құралдары тұратын орындарды қоспағанда, коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерін пайдаланғаны үшін төлемді бақылау мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

1) тұрақтарды айналып өтетін және белгілі бір мерзімділікпен нақты көлік құралының нақты тұрақ орнында тұрғанын тіркейтін тұрақты автоматтандырылған бақылау көлік құралдары арқылы;

2) стационарлық орнатылған фото және (немесе) бейнетіркеу техникалық құралдарының және (немесе) кіру мен шығуды бақылау құрылғыларының (шлагбаумдардың) және (немесе) көлік құралдарын автоматтандырылған есепке алуға, тұрақ режимін бақылауға және Қағидаларға сәйкес белгіленген бұзушылықтарды тіркеуге арналған өзге де жабдықтардың жиынтығы болып

табылатын тұрақты бақылаудың стационарлық кешендері арқылы.

18. Жеке тұрақ кеңістіктерінің жұмыс режимі және оларды пайдалану тәртібі туралы ақпаратты олардың иеленушілері бұқаралық ақпарат құралдарында, ресми интернет-ресурстарда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де ақпараттандыру тәсілдерімен жариялайды.

Коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерінің іске қосылу күні мен жұмыс режимі туралы ақпарат басқарушы ұйымның ресми интернет-ресурсында, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

19. Басқарушы ұйым, тұрақ кеңістіктерінің иеленушілері:

1) жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдарының, қоршаулар мен жабдықтардың жарамды күйін;

2) тәуліктің қараңғы уақытында тұрақ кеңістіктерін жарықтандыруды қамтамасыз етеді.

Тротуар үлгісіндегі коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерін, сондай-ақ жеке мобильді көлік құралдары тұратын орындарды тәуліктің қараңғы уақытында жарықтандыруды Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары жүзеге асырады.

Коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерін күтіп-ұстауды басқарушы ұйым жүзеге асырады.

Бұл ретте тротуар үлгісіндегі тұрақ кеңістіктерін, сондай-ақ жеке мобильді көлік құралдарының тұрақ орындарын күтіп-ұстауды, оның ішінде санитариялық тазалауды, жасыл екпелерді күтуді, қорғауды және санитариялық кесуді Алматы қаласының тиісті ауданы әкімінің аппараты немесе осындай жұмыстарды қамтамасыз ететін уәкілетті орган жүзеге асырады.

20. Жеке тұрақ кеңістіктерінің иеленушілері аумақты күтіп-ұстауды, пайдаланушылардың қауіпсіздігі мен санитарлық жағдайды, сондай-ақ жасыл желектерді күтуді, қорғауды және санитарлық кесуді қамтамасыз етеді.

2-параграф. Тұрақ кеңістіктерінің жұмыс істеуі

1-бөлім. Тұрақ кеңістіктерін пайдалану тәртібі

21. Коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерін пайдалану осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жеке ақылы тұрақ кеңістіктерін пайдалану тәртібін олардың иелері айқындайды.

22. Алматы қаласының коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктері көлік құралдарын сақтауға арналмаған.

Жеке тұрақ кеңістіктерінің аумағында көлік құралдарын сақтау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және олардың иеленушілері белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

23. Тротуар үлгісіндегі коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерінің жұмыс режимі 8 сағат 00 минуттан 20 сағат 00 минутқа дейін белгіленеді.

Алаң үлгісіндегі коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерінің, жерасты паркингтерінің, тоғыстырушы орынтұрақтардың, жабық үлгідегі жерүсті орынтұрақтарының (көп деңгейлі), механикаландырылған орынтұрақтардың жұмыс режимін басқарушы ұйым белгілейді.

24. Коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерін пайдаланғаны үшін төлем басқарушы ұйым белгілеген және ақпараттық қалқанда (маңдайшада) немесе оның ақпараттық ресурстарында көрсетілген тәсілдермен алдын ала төлем тәртібімен жүзеге асырылады.

Бұл ретте коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерін пайдаланғаны үшін кейіннен төлеу тәртібімен, бірақ көлік құралы орналастырылған күні 23 сағат 59 минуттан кешіктірмей, басқарушы ұйым белгілеген және оның ресми ақпараттық ресурстарында көрсетілген тәсілдермен төлеуге жол беріледі.

25. Ақылы коммуналдық автотұрақтарды пайдаланғаны үшін ақы

төлеу Қағидалардың 26, 27 және 28-тармақтарының ережелері ескеріле отырып, автотұрақ сессиясының әрбір минуты үшін және Алматы қаласы мәслихатының шешімімен бекітілетін тарифтеуге сәйкес жүзеге асырылады.

26. Тұрақ сессиясы көлік құралы коммуналдық ақылы тұрақ аймағына нақты орналастырылған және көлік құралының кіруі тіркелген сәттен бастап, төлемнің жасалу уақытына қарамастан есептеледі. Алдын ала төлем жасалған жағдайда тұрақ сессиясы тұрақтың мәлімделген басталу уақытынан, көлік құралының кірген сәтінен не тіркелген сәтінен, қайсысы бұрын орын алса, сол сәттен бастап тұрақ сессиясы аяқталғанға дейін есептеледі. Кейіннен төлем жасалған жағдайда тұрақ сессиясы тұрақтың басталу сәтінен не тіркелген сәтінен бастап тұрақ сессиясы аяқталғанға дейін есептеледі.

27. Тротуар үлгісіндегі коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерінде көлік құралы орналастырылған сәттен бастап алғашқы бес минут ішінде жеңілдік кезеңі беріледі, егер бұл жолаушыларды отырғызу немесе түсіру, көлік құралына жүк тиеу немесе жүк түсіру үшін қажет болса, төлем талап етілмейді.

Көлік құралының тротуар үлгісіндегі коммуналдық ақылы тұрақ аймағында болуының бес минуттық кезеңі артқан жағдайда, төлем көлік құралының коммуналдық ақылы тұрақ аймағында болуының алғашқы бес минуты ескеріле отырып, жеңілдік кезеңінен асқан сәттен бастап жүзеге асырылады.

28. Алаң үлгісіндегі коммуналдық ақылы тұрақ аймақтарында, жерасты паркингтерінде, тоғыстырушы орынтұрақтарда және жабық үлгідегі жерүсті орынтұрақтарда (көп деңгейлі), механикаландырылған орынтұрақтарда тұру уақыты аяқталғаннан кейін тұрақ аймағының аумағынан шығу үшін он минут мөлшерінде жеңілдік кезеңі беріледі. Бұл уақыт тек қана шығуға арналған және оны тұрақта тұруды жалғастыру үшін пайдалануға болмайды. Жеңілдік кезеңінен асқан жағдайда, қосымша уақыт қолданыстағы тарификацияға сәйкес төленуі тиіс.

29. Көлік құралының иесі не тұраққа орналастырылатын, орналастырылған коммуналдық ақылы тұрақ аймағын пайдаланғаны үшін төлемді жүзеге асыратын тұлға көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі туралы мәліметтердің (әріптік, цифрлық және өзге де белгілер), ақпараттық қалқанда (маңдайшада) көрсетілген тұрақ аймағы нөмірінің, тұрақ сессиясы ұзақтығының дұрыс енгізілуін қамтамасыз етеді.

30. Заңның 42-1-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес, тиісті растаушы құжат негізінде коммуналдық ақылы тұрақ кеңістіктерінің тұрақ орындарын пайдаланғаны үшін төленетін төлемнен мынадай санаттар (көлік құралдарының меншік иелері) босатылады:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, еңбек ардагерлері;

2) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар баланың заңды өкілдері;

3) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I немесе II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар;

4) Семей сынақ ядролық полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтар;

5) электрмобиль иелері.

Заңның 42-1-бабы 4-тармағының үшінші бөлігінде көзделген, көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдауық маяктары қосылуы жедел және арнайы қызметтердің көлік құралдары, сондай-ақ аумақтарды жинауға, тазартуға, жасыл желектерді суаруға тартылған коммуналдық қызметтердің, су құбырының, электр желілері мен қондырғыларының апаттық

қызметтерінің көлік құралдары, ұсталған және пайдаланылуына тыйым салынған көлік құралдарын жеткізу (эвакуациялау) функцияларын жүзеге асыратын басқарушы ұйымның эвакуаторлары тұрақты пайдаланғаны үшін төленетін төлемнен босатылады.

31. Алматы қаласының аумағындағы көппәтерлі тұрғын үйлерде орналасқан тұрғын немесе тұрғын емес үй-жайлардың (бұдан әрі – үй-жайлар) меншік иелері не осындай үй-жайларды жалға алушылар өз таңдауы бойынша бір тұрақты тұрақ орындарын бір үй-жайға бір көлік құралы үшін тегін пайдалануға құқылы (бұдан әрі – тегін пайдалану). Тұрақты таңдау үй-жай орналасқан жерден бес жүз метрге дейінгі радиуста басқарушы ұйым айқындаған тәсілмен жүзеге асырылады.

32. Тегін пайдалануды ұсыну басқарушы ұйымның интернет-ресурсы немесе азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы арқылы берілген өтініш негізінде жүзеге асырылады.

Тегін пайдалану құқығы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы №862 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10056 болып тіркелген) Көлік құралдарының жекелеген түрлерін көлік құралының бірегейлендіру нөмірі бойынша мемлекеттік тіркеу және есепке алу, механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларына сәйкес мемлекеттік тіркеу жүргізілген автокөлік құралы меншігінде болған жағдайда, мынадай тәртіппен беріледі:

1) көппәтерлі тұрғын үйдегі үй-жайдың меншік иесіне не оның жазбаша келісімі негізінде (құқықты беру арқылы) бірге тұратын жақын туысына;

2) көппәтерлі тұрғын үйдегі үй-жайды жалға алушыға «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен жалдау шартының негізінде, оның қолданылу мерзіміне.

33. Үй-жай немесе автокөлік құралы ортақ үлестік меншікте болған жағдайда, тегін пайдалану құқығы қалған меншік иелерінің жазбаша келісімі болған кезде беріледі.

34. Егер автокөлік құралының меншік иесі кәмелетке толмаған адам болса, тегін пайдалану оның заңды өкілдеріне, бар болған жағдайда басқа заңды өкілдерінің жазбаша келісімімен беріледі.

35. Жеке және заңды тұлғалардың тегін пайдалануы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) тегін пайдалануды ұсыну үшін негіздерді жою, соның ішінде:

– үй-жайға меншік құқығының тоқтатылуы;

– автокөлік құралына меншік құқығының тоқтатылуы;

– үй-жайды жалдау шарты қолданысының тоқтатылуы;

2) басқарушы ұйымның автокөлік құралын сәйкестендіру мүмкіндігін жоққа шығаратын оның тіркеу деректерінің өзгеруі;

3) өтініш берушінің тегін пайдалануды ұсынуға негіз болған дәйексіз мәліметтерді немесе көрінеу жалған құжаттарды ұсынуы;

4) тегін пайдалануды ұсыну заңсыз деп танылған сот актісінің заңды күшіне енуі;

5) өзіне қатысты тегін пайдалану ұсынылған адамның өтініші бойынша.

36. Осы Қағидалардың 31–35 тармақтарының ережелері жерасты паркингтеріне, тоғыстырушы орынтұрақтарға, жабық үлгідегі жерүсті орынтұрақтарына (көп деңгейлі), механикаландырылған орынтұрақтарға қолданылмайды.

2-бөлім. Жеке мобильді көлік құралдары тұратын орындардың коммуналдық тұрақ кеңістіктерін пайдалану тәртібі

37. Жеке мобильді көлік құралдары тұратын коммуналдық орындар Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы белгілеген, арнайы белгіленген орындарда жеке мобильді көлік құралдарын орналастыруға арналған.

38. Жеке мобильді көлік құралдары тұратын коммуналдық орындарды пайдалану құқығы жеке мобильді көлік құралдарын жалға, прокатқа, шерингке немесе өзге де пайдалануға беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге жеке мобильді көлік құралдары тұратын коммуналдық орындарды пайдалану шарты (бұдан әрі – шарт) негізінде беріледі.

39. Шарт жасасу заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге жекелеген орындарға ерекше құқық бермейді және жеке мобильді көлік құралдарының өзге меншік иелерінің бос орындарды пайдалану құқығын шектемейді.

40. Осы Қағидалардың 38 және 39-тармақтарының ережелері меншігінде жеке пайдалану мақсатындағы жеке мобильді көлік құралдары бар жеке тұлғаларға қолданылмайды.

Жеке тұлғалардың жеке мобильді көлік құралдарын жеке мобильді көлік құралдары тұратын орындардың аумақтарында орналастыру өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

41. Жеке тұлға, пайдаланушы, заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер жеке мобильді көлік құралдарын тек қана жеке мобильді көлік құралдары тұратын арнайы белгіленген орындарда, қатаң түрде жол таңбасының шекарасына орналастырады.

42. Жеке мобильді көлік құралдары тұратын орындардың аумақтарында:

заттарды, қоршауларды орнату арқылы немесе өзге де тәсілдермен жеке мобильді көлік құралдары тұратын орындарды резервтеуге;

ақауы бар, зақымдалған, пайдалануға жарамсыз жеке мобильді көлік құралдарын орналастыруға;

басқа адамдардың жеке мобильді көлік құралдары тұратын орындарды пайдалануына кедергі келтіруге жол берілмейді.

43. Осы Қағидалардың талаптарын бұза отырып орналастырылған жеке мобильділік құралдары осы Қағидаларда, Кодексте не шартта белгіленген тәртіппен арнайы алаңдарға немесе тұрақтарға көшірілуге жатады.

3-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ұсталған көлік құралдарын арнайы алаңдар мен тұрақтарға жеткізу (эвакуациялау), оларды уақытша сақтау, жеткізу (эвакуациялау) және сақтау құнын төлеу, көлік құралдарын қайтару

44. Осы Қағида талаптары және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптары бұзылғаны анықталған жағдайда, егер мұндай бұзушылықтар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 797-бабына сәйкес көлік құралын ұстауға, пайдалануға тыйым салуға және жеткізуге (эвакуациялауға) негіз болып табылса, көлік құралының жүргізушісі немесе меншік иесі болмаған кезде уәкілетті органдар көлік құралын ұстау, пайдалануға тыйым салу және оны ұсталған әрі пайдалануға тыйым салынған көлік құралдарын уақытша сақтауға арналған арнайы алаңға немесе тұраққа жеткізу (эвакуациялау) туралы шешім қабылдайды.

45. Көлік құралдарын жеткізуді жүзеге асыратын басқарушы ұйым күштер мен құралдардың, соның ішінде:

1) техникалық жағынан жарамды және белгіленген тәртіппен пайдалануға жіберілген эвакуаторлардың;

2) «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық

зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21443 болып тіркелген) сәйкес міндетті нұсқаулықтан және медициналық қарап-тексеруден өткен, тиісті жұмыстарды орындауға жіберілген эвакуатор жүргізуші-операторларының (эвакуатор экипажының);

3) көлік құралдарын жеткізу (эвакуациялау) жөніндегі жұмыстардың қауіпсіз және тиісінше орындалуын қамтамасыз ету үшін қажет болған жағдайда тартылатын тиісті бейіндегі мамандардың;

4) көлік құралдарын жеткізу (эвакуациялау) процесін тіркеу және орындалатын іс-әрекеттердің объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын, жеке бейнежетондарды қоса алғанда, фото және бейнетіркеу құралдарының;

5) мемлекеттік органдармен жедел өзара іс-қимылды, сондай-ақ осы Қағидаларда көзделген мәліметтерді беруді қамтамасыз ететін ақпарат пен құжаттарды беру құралдарының тәулік бойы дайындығын қамтамасыз етеді.

Көлік құралдарын жеткізуді жүзеге асыратын басқарушы ұйым фото және бейнетіркеу құралдарының тиісінше сақталуы мен пайдаланылуын, сондай-ақ берілетін ақпарат пен құжаттардың жоғалудан, рұқсатсыз кіруден және бұрмаланудан қорғалуын қамтамасыз етеді.

46. Уақытша шектеулердің немесе тыйымдардың қолданылу кезеңінде көлік құралы осы Қағидаларда және Кодексте көзделген тәртіппен ұсталуға, пайдаланылуына тыйым салынуға және ұсталған әрі пайдаланылуына тыйым салынған көлік құралдарын уақытша сақтау үшін арнайы алаңға немесе тұраққа жеткізілуі (эвакуациялануы) тиіс.

47. Осы Қағидалардың 44 және 46-тармақтарында көзделген жағдайлар туындаған кезде, көлік құралы көлік құралдарын жеткізу (эвакуациялау) функцияларын жүзеге асыратын басқарушы ұйыммен мәжбүрлеп орын ауыстырылған меншік иесі Алматы қаласының мәслихаты белгілеген төлем мөлшеріне сәйкес көлік құралын жеткізу (эвакуациялау), сондай-ақ оны сақтау құнын төлейді.

48. Осы Қағидалардың 6 тармағында көзделген жағдайларда, көлік құралдарын жеткізу (эвакуациялау) функцияларын жүзеге асыратын басқарушы ұйым аумақты тазартуға кедергі келтіретін көлік құралдарын мамандандырылған тұраққа жеткізбей, ең жақын бос және тазартылған орынға ауыстыруға құқылы. Орын ауыстыру процесі және көлік құралының жаңа орналасқан жерін тіркейтін міндетті фото және бейнежазба, сондай-ақ аталған басқарушы ұйымның диспетчерлік қызметіне дереу хабарлау арқылы жүзеге асырылады.

1-параграф. Ұсталған көлік құралдарын арнайы алаңдарға немесе тұрақтарға жеткізу (эвакуациялау) тәртібі

49. Көлік құралын арнайы алаңға немесе тұраққа жеткізу (эвакуациялау) процесі мынадай іс-әрекеттерді қамтиды:

1) анықталған ерекшеліктерді, соның ішінде ақауларды, сынықтарды, майысқан жерлерді, ластануларды және өзге де сыртқы зақымдануларды сипаттай отырып, көлік құралын визуалды қарап-тексеру актісін (бұдан

әрі – визуалды қарап-тексеру актісі) цифрлық және (немесе) қағаз нысанда рәсімдеу;

2) көлік құралын, сондай-ақ көлік құралын тиеу, түсіру және арнайы алаңға немесе тұраққа орналастыру рәсімдерін фото және (немесе) бейнетіркеуді жүзеге асыру және оларды визуалды қарап-тексеру актісіне қоса беру;

3) көлік құралын эвакуациялауды жүзеге асыратын эвакуатор экипажының қызметкерімен көлік құралын визуалды қарап-тексеру актісіне қол қою.

50. Көлік құралында тыйым салынған заттардың, оқ-дәрілердің, сондай-ақ басқа да қауіпті заттардың болуы анықталған және (немесе) оған күдік туындаған жағдайда, көлік құралын жеткізуді жүзеге асыратын тұлға жеткізу (эвакуациялау) рәсіміне байланысты барлық іс-әрекеттерді тоқтата тұрады және бұл туралы шұғыл қызметтер мен құқық қорғау органдарына дереу хабарлайды.

51. Көлік құралын эвакуаторға тиеуді эвакуатор экипажы тек қана уәкілетті лауазымды тұлға Кодекске сәйкес көлік құралын ұстау және жеткізу туралы шешім қабылдағаннан кейін жүзеге асырады.

Көлік құралын тиеу кезінде эвакуатор экипажы көлік құралының түрін, массасын және ерекшеліктерін ескере отырып, эвакуатордың конструкциясында көзделген бекіту құралдарын пайдалана отырып, оның сенімді бекітілуін қамтамасыз етеді.

52. Көлік құралын бекіту, оның ішінде, мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

көлік құралының дөңгелектерін эвакуатордың штаттық бекіту нүктелерінде дөңгелек тіреуіштерімен, белдіктермен немесе өзге де бекіту элементтерімен бекіту;

дөңгелектерді бекіту мүмкін болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайларда көлік құралының рамасын, осьтерін немесе өзге де конструкциялық берік элементтерін бекіту;

дөңгелектері, аспа немесе рульдік басқару элементтері зақымданған көлік құралдарын тасымалдау кезінде қосымша бекіту құралдарын қолдану тәсілдерімен жүзеге асырылады.

Көлік құралын жүктемеге арналмаған элементтерінен, соның ішінде бамперлерінен, шаңақ және сәндік элементтерінен тыс бекітуге тыйым салынады.

53. Көлік құралын жеткізу (эвакуациялау) белгіленген тәртіппен айқындалған арнайы алаңға немесе тұраққа эвакуатор экипажымен жүзеге асырылады.

54. Көлік құралдарын тиеу тек қана эвакуатордың техникалық мүмкіндіктері шегінде жүзеге асырылады.

Мотокөлік құралдарын және жеке мобильді көлік құралдарын тиеу олардың орнықты күйін қамтамасыз ететін мамандандырылған бекіту құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Зақымданулары немесе стандартты емес конструкциялық ерекшеліктері бар көлік құралдарын тасымалдау кезінде эвакуатор экипажы көлік құралының сақталуын және айналадағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қосымша бекіту шараларын қабылдайды.

55. Техникалық құрылғыны пайдалана отырып алынған фото және (немесе) бейнематериалдар үш ай бойы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты қорғау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес сақталуы тиіс.

2-параграф. Ұсталған көлік құралын арнайы алаңдарда немесе тұрақтарда уақытша сақтау тәртібі

56. Жеткізілген (эвакуацияланған) көлік құралын арнайы алаңға немесе тұраққа қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады.

Көлік құралын беру жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

57. Ұсталған көлік құралдарын сақтауға арналған арнайы алаңдар немесе тұрақтар қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және бөгде адамдардың кіруіне жол бермейтін бақылау-өткізу пунктімен, бейнебақылау жүйесімен, тұтас қоршаумен, құлыпталатын қақпалармен және (немесе) шлабаумдармен, жарықтандыру аспаптарымен, тәулік бойы күзетпен жарақтандырылады.

58. Арнайы алаңдарда немесе тұрақтарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заттай дәлелдемелер деп танылған автомобильдерді, мотоциклдерді және өзге де көлік құралдарын, сондай-ақ әкімшілік, қылмыстық, азаматтық іс жүргізу, атқарушылық іс жүргізу тәртібімен не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де рәсімдермен уәкілетті органдардың процессуалдық құжаттары негізінде тыйым салынған немесе оларға қатысты уақытша сақтау туралы шешім қабылданған көлік құралдарын сақтауға жол беріледі.

59. Көлік құралын уақытша сақтауға қабылдау электрондық және (немесе) қағаз түрінде жасалатын қабылдау-тапсыру актісімен рәсімделеді, онда мыналар көрсетіледі:

1) көлік құралының арнайы алаңға немесе тұраққа нақты жеткізілген күні мен уақыты;

2) көлік құралы туралы мәліметтер (маркасы, моделі, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі);

3) көлік құралын ұстау және жеткізу (эвакуациялау) негізі;

4) көлік құралын жеткізуді (эвакуациялауды) жүзеге асырған тұлға (орган) туралы мәліметтер;

5) көлік құралын уақытша сақтауға қабылдаған жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі басқарушы ұйым жұмыскері туралы мәліметтер.

3-параграф. Арнайы алаңдарға немесе тұрақтарға орналастырылған көлік құралдарын қайтару тәртібі

60. Арнайы алаңда немесе тұрақта тұрған көлік құралдарын беру көлік құралын арнайы алаңға немесе тұраққа орналастырған органның рұқсат беру құжаты негізінде жүзеге асырылады.

Көлік құралын қайтару иесінің немесе оның заңды өкілінің басқарушы ұйымға цифрлық және (немесе) қағаз нысанда берген өтініші бойынша мынадай құжаттар ұсынылған кезде жүзеге асырылады:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) көлік құралын тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі;

3) көлік құралын орналастырған органның рұқсат беру құжаты;

4) сенімхат немесе көлік құралын алу құқығын растайтын өзге де құжат (көлік құралын заңды өкілі алған жағдайда) көшірмелері;

5) көлік құралын жеткізгені (эвакуациялағаны) және оны арнайы алаңда немесе тұрақта уақытша сақтағаны үшін төленген төлемді растайтын құжаттың көшірмесі;

6) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге берген келісім.

61. Көлік құралын арнайы алаңға немесе тұраққа орналастырған күні 18 сағат 00 минутқа дейін алған жағдайда, сақтау үшін төлемақы есептелмейді. Көрсетілген уақыттан кейін төлемақы Алматы қаласының жергілікті өкілді органы белгілеген төлемақы мөлшеріне сәйкес сақталған әрбір толық тәулік үшін алынады.

Осы тармақтың талаптары Кодекске сәйкес ұсталған және пайдаланылуына тыйым салынған көлік құралдарына қолданылады.

Иесіз деп танылған, мемлекет меншігіне тәркіленген немесе өзге де

тәсілмен мемлекет меншігіне берілген көлік құралы берілген жағдайда, көлік құралын сақтау үшін ақы төлеу талаптары қолданылмайды.

Арнайы алаңда немесе тұрақта тұрған көлік құралын беру актісін басқарушы ұйымның қызметкері қабылдап алушы тұлғаны көлік құралын қозғалысқа келтіру үшін оған нақты жібергенге дейін жасалады.

62. Басқарушы ұйым арнайы алаңдарға немесе тұрақтарға жеткізілген көлік құралдарының есебін цифрлық және (немесе) қағаз форматында жүргізеді.

4-тарау. Қорғаныс конструкцияларын және реттеуші элементтерді (шлабаумдарды және басқа да қоршауларды) орнату

63. Көше-жол желісінің жекелеген учаскелерінде қорғаныс конструкцияларын, сондай-ақ тұрғын үй аймақтары мен тұрақ кеңістіктерінде реттеуші элементтерді (шлабаумдарды және басқа да қоршауларды) орнату көлік және жаяу жүргіншілер ағынын ретке келтіру, сондай-ақ көлік құралдарының рұқсатсыз кіруінің алдын алу мақсатында жүзеге асырылады.

Қорғаныс конструкциялары ретінде қоршаулар немесе бұта-теректермен қоршалған шарбақтар пайдаланылуы мүмкін.

Реттеуші элементтер ретінде шлабаумдар, таранға қарсы құрылғылар және қақпалар пайдаланылуы мүмкін.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне жататын жер учаскесінде қорғаныс конструкциялары мен реттеуші элементтерді орнату «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен қабылданған жиналыс шешімі негізінде, көппәтерлі тұрғын үйдегі үй-жайлар меншік иелерінің жалпы санының үштен екісінен астамының келісімі болған және жиналыстың тиісті хаттамасы рәсімделген жағдайда жүзеге асырылады.

Ортақ пайдаланылатын аумақтарда осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті бұза отырып, қорғаныс конструкцияларын және реттеуші элементтерді орнатуға жол берілмейді.

64. Осы Қағидалар мемлекеттік жер қоры аумақтарында қорғаныс конструкцияларын және реттеуші элементтерді орнатуға қолданылады.

Ортақ пайдаланылатын жерлердің аумақтарында қорғаныс конструкцияларын және реттеуші элементтерді орнату, олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі шартымен, мұндай орнату жүзеге асырылатын Алматы қаласы ауданы әкімінің аппаратымен келісу арқылы жүзеге асырылады.

Ортақ пайдаланылатын жерлерге жатпайтын жер аумақтарында қорғаныс конструкцияларын және реттеуші элементтерді орнатқан кезде, мұндай аумақты меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде иеленетін немесе пайдаланатын тұлғалар оларды орнату туралы хабарламаны орнатуды жүзеге асыратын Алматы қаласы ауданы әкімінің аппаратына жібереді.

65. Реттеуші элементтерді орнату кезінде қызмет көрсететін ұйым туралы және (немесе) қызмет көрсететін ұйыммен байланыс тәсілдері туралы ақпарат жарияланады.

Реттеуші элементтер тәулік бойы қашықтан басқаруға арналған жабдықтармен және қолмен немесе автоматты түрде ашу тетіктерімен, соның ішінде шұғыл, апаттық, жедел және коммуналдық қызметтердің кедергісіз өтуін қамтамасыз ететін құралдармен жарақтандырылады.

«Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503	15503	95503
Жеке жазылушылар үшін:	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:	Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:
1 айға – 835,96 теңге.	1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.	1 айға – 615,96 теңге.
3 айға – 2507,88 теңге.	3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.	3 айға – 1847,88 теңге.
4 айға – 3343,84 теңге.	4 айға – 5727,32 (қала), 4143,84 (ауыл) теңге.	4 айға – 2463,84 теңге.

Бізге жазылыңыз!

Алматыдағы өнер мен әдебиеттің, сән мен шоу-бизнестің соңғы трендтерінен қалыс қалмаңыз! Басылымға «Қазпошта» АҚ Алматы поштаматі бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді онлайн оқуға болады: **aqshamnews.kz**

Анықтама үшін телефон: **248-49-55**

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**- пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

Қызмет 24/7 қолжетімді.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 12 тамыздағы №3/405-1272 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 12 тамыздағы №3/405-1272 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 9 маусымдағы №24.01-24.06/601-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдалану объектісі үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру), «Oil Real Estate» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 119 мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-313-013-141, ауданы 0,0389 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүргінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміД.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 12 тамыздағы №3/405-1271 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 9 қазандағы №42.1-42.09/12.12-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. №150 мектеп құрылысы үшін Ильхамджан Гуламидинович Салиховтың Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Шапағат» шағынауданы, Биянху көшесі, 85-үй, 1-пәтер мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-321-016-046, жалпы ауданы 0,1300 га жер учаскесінің ауданы 0,0421 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміД.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 12 тамыздағы №3/405-1273 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімін тоқтату туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабының 4-тармағына сәйкес, Алматы қаласы Прокуратурасының 2026 жылғы 30 шілдедегі №2-17-26-27697 наразылығын орындау мақсатында, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпы пайдалану объектісі (аумақты абаттандыру) үшін Алматы қаласы, Медеу ауданы, Оспанов көшесінде орналасқан 13 (он үш) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі тоқтатылсын.

2. Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 12 наурыздағы №1/1-402 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысының күші жойылсын.

3. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміД.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласының әкіміД.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 10 ақпандағы №1/1-167: қосымшадағы: реттік нөмірі 3 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

3.	Логвинова Наталья Петровна	20-317-001-101	Жароков көшесі, 194 А, 8 көлікжай	жалпы-0,0455 үлесі-0,0019
----	----------------------------	----------------	-----------------------------------	---------------------------

» реттік нөмірлері 14, 15 жолдарымен келесі редакцияда толықтырылсын:

«

14.	Игнатьева Людмила Фёдоровна	20-313-000-000	Жароков көшесі, 194 А, 18 көлікжай	17,60
15.	Скоробогатова Ольга Алексеевна	20-313-013-058	Жароков көшесі, 194 А, 20 көлікжай	17,70

» 2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 17 наурыздағы №1/1-416:

қосымшадағы: реттік нөмірі 128 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

128.	Инкин Денис Борисович	20-317-000-000	Закарпатская көшесі, 1/5, 393 көлікжай	20,7
------	-----------------------	----------------	--	------

» 3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 15 тамыздағы №3/470-1138:

қосымшадағы: реттік нөмірі 16 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

16.	Зимняк Татьяна Константиновна, Зимняк Егор Вадимович, Зимняк Григорий Вадимович	20-315-004-208	Алтайская көшесі, 6	жалпы-0,0602 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0149
-----	---	----------------	---------------------	---

» реттік нөмірі 121 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

121.	Ершова Елена Николаевна	20-315-040-257	Донбасская көшесі, 55	жалпы-0,0565 үлесі - 0,0282
------	-------------------------	----------------	-----------------------	-----------------------------

» 4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қазандағы №4/675-1295:

қосымшадағы: реттік нөмірі 12 жолы алынып тасталсын.

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 2 наурыздағы №1/1-256: қосымшадағы: реттік нөмірі 2 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

2.	Смыкова Елена Викторовна	20-315-039-098	Чаплин көшесі, 37	0,0340
----	--------------------------	----------------	-------------------	--------

» 6) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 2 наурыздағы №1/1-257: қосымшадағы: реттік нөмірі 2 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

2.	Музапаров Ержан Жумабаевич	20-321-072-1993	«Мәдениет» шағынауданы, 378 учаске	0,0200
----	----------------------------	-----------------	------------------------------------	--------

» реттік нөмірі 8 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

8.	Туkenова Акжанат Ертысовна	20-321-071-558	«Мәдениет» шағынауданы, Саржайлау көшесі, 6	0,1000
----	----------------------------	----------------	---	--------

» реттік нөмірі 26 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

26.	Черников Андрей Сергеевич, Черникова Альфия Сериковна, Темирова Инкара Ахановна	20-321-071-908	«Мәдениет» шағынауданы, 840/1 учаске	0,0500
-----	---	----------------	--------------------------------------	--------

» реттік нөмірі 38 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

38.	Хасанова Динара Сүлеймановна	20-321-071-1648	«Мәдениет» шағынауданы, Саржайлау көшесі, 14	0,0500
-----	------------------------------	-----------------	--	--------

» келесі редакциядағы реттік нөмірі 54 жолымен толықтырылсын:

«

54.	Мухаметбаев Адыл Абдуалиевич, Кахарова Нуральи Абдрашитовна	20-321-071-1559	«Мәдениет» шағынауданы, 694 учаске	0,0500
-----	---	-----------------	------------------------------------	--------

» 2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміД.САТЫБАЛДЫ

«Almaty aqshamy» газетінің ұжымы және Almaty Aqparat медиахолдингі «Вечерний Алматы» газетінің тілшісі Әсел Ташибаеваға анасы

Парида БЕЙСЕНҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ALMATY AQPARAT

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.

8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтаматына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Нұрлан СҮЙІН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ51VPY00150334 куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

Таяуда әлеуметтік желіде Алматылық әйелдің автобуста ауру баланың еміне деп қаржы жинап жүрген бозбаланы тоқтатып, қордың атын, құжатын сұраған бейнежазбасы тарады. Бірақ қолына ақша салатын шағын қобдиша ұстаған жас бала бейтаныс әйелге дәрекі сөйлеп, қоғамдық көліктен түсіп кетті.

АДАЛДЫҚТЫ
АЛАЯҚТАР
ПАЙДАЛАНБАСЫН...

Бейнежазба иесі қоғамдық көлікте еріктіміз деп ақша жинайтын әлгіндей жастарды жиі көріп жүргенін де жасырмай айтып қалды. Шыны керек, өзіміз де мұндай жағдайдың жиі куәгері болып жатамыз. Тіпті, көзіміз де, етіміз де үйреніп бара жатқандай. Олар көп. Әсіресе, Райымбек даңғылы бойынан, «Алтын орда» базары маңынан жиі отырады.

«Құрметті жолаушылар! Асхат (шартты түрде алынған есім) деген волонтер едім. Мазаларыңызды алсам, алдын ала кешірім сұраймын. Аңсар есімді кішкентай балақай дцп-мен ауырып жатқан еді. Кім қанша бере алады, Алланың разылығы үшін көмектессеңіздер екен» деген дауыстары да, дикциялары да бір-бірінен аумайды. Құдды бір дауысты жазып, фонограммалармен сөйлеп тұрғандай, бір деммен айтып шығады. Әбден машықтанып алған. Әрине, олардың құжатын ешкім тексеріп жатпайды, үлкен кісілер жағы күн-жыңдап қолсөмкелерін ақтарып кетеді, тиын-тебенін іздеп. Өздерін еріктіміз деп таныстыратын жастардың қолындағы шағын жәшіктің бір бүйірінде әлдекімнің каспи-нөмірі де жазулы тұрады.

Әрине, қайырымдылық жасау – жүректен. Ол қадам ешқандай күмән туғызбауы және есепке құрылмауы керек. Дегенмен, әлгі бейнежазба резонанс туғызып, оны әлеуметтік желіде бөліскендер, пікір қалдырғандар қарасы да өте көп болды.

«Автобуста осылай ақша жинайтындар барлық өңірде бар» (Жазира), «Қызылорда да көп. Әрі автобуспен тегін жүреді. Қалтасындағы барын үнемдеп қоғамдық көліктен жүретін біз сияқтыларда қайдан ақша болсын?!» (Айдана), «Біз садақа ретінде бердік. Әрі қарай Алла алдында өздері жауап береді» (Айя), «Бұл жастардың жазығы жоқ қой, табыс тауып жүрген болар. Осы «кәсіптің» басында кімдер тұр, соны анықтау керек» (Орынбасар), «Күні бойы осылай тіленші сияқты жүретін балаларға жаным ашиды, қайбір көп ақша тауып жүр дейсіз?!» (Бақытгүл), «Оралда бір апайға көмектесеміз деп, сырқат баласының фотосын пайдаланып, соңында телефондарын алмай жоқ болып кеткен» (Анар), «Біздің Көкшетаудағы шағын бір дүкенде кішкентай жәшік тұрады, сыртында рақпен ауырады деген қыздың суреті бар. Егер қателеспесем, сол жәшік, сол суреттің тұрғанына он жылдың жүзі болып қалды. Тым болмаса сыртындағы суретін ауыстырып қойып жинаса да болар еді» (Мәлік), «Мен бірде телефонымнан аударым жасай қояйын деп көрсетілген нөмірді теріп едім, әлдебір жеке кәсіпкерлік атауы шықты. Сосын ақша жинап жүрген жігіттен сұрап едім, ештеңе деместен үн-түнсіз автобустан шығып кетті» (Ғалым), «Садақа бердің бе, болды.

Ал алған адам не істесе де өзі біледі. Шын мұқтажға бердің бе, әлде алаяққа бердің бе, өз есебің өзінде болса болды емес пе!» (Шайыхислам), «Расымен ауру балаға қаражат жинап жүрген болса оларға арнайы киім, бірдей кеудеше берсе, сонда сенім болар еді» (Динара), «Қоғамдық көліктер қайыр сұрайтын жерге айналмауы керек!» (Ескендір) деген сан пікірді оқыдық бұл тақырып төңірегінде. Әр ойдың өз шындығы, өз салмағы, өз астары бар.

Мақалам ыздың басында сөз болған бейнежазбадан соң іле-шала пабликтерде Алматы қаласы Полиция департаменті өкілінің қайырымдылық атын жамылған алаяқтықтан сақтандыратын бейнежазбасы тарады.

Алматы қаласы Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы Тимур Ноғайбаевтың айтуынша, қайырымдылық, ізгілік қадам қоғам өмірінің маңызды бөлігі болып қала береді және жан-жақты қолдауға лайық. Алайда, адамдардың ізгі ниетін кей жағдайда қоғамдық орындарда, қоғамдық көлікте, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен интернет-платформаларда заңсыз ақша жинауды ұйымдастыратын алаяқтар пайдаланып кетеді.

Тек кейінгі бір апта ішінде полиция қызметкерлері қаражатты заңсыз жинауға қатысты екі деректі анықтаған. Қазір олардың әрқайсысы бойынша заңнамада көзделген тиісті іс-шаралар қабылданып жатқан көрінеді.

«Біз азаматтарды қайырымдылық жасаудан бас тартуға шақырмаймыз. Керісінше, шын мәнінде көмекке мұқтаж адамдарға қолдау көрсету қажет. Алайда, мұны саналы түрде жасаған жөн. Ұйымды тексеруге жұмсалған бірнеше минут қаражатыңыздың алаяқтардың қолына емес, нақты көмекке мұқтаж адамдарға жететініне көз жеткізуге мүмкіндік береді. Егер қаражат жинаудың заңдылығына күмәніңіз болса, полицияға хабарласыңыз», – деді Тимур Ноғайбаев.

Ал біз өз тарапымыздан бір ғана ойды қоса кетсек дейміз. Иә, өрімдей жастар адамдардың жұмсақ жүрегіне пайдаланып, бір автобустан екіншісіне секіріп мініп ақша тауып, күндік нәпақасын айырып жүр. Бірақ аз күндік болмашы табыстан гөрі мейірім, қайырым, ар-иман сынды рухани құндылықтарды ұмытпаса екен сол бозбалалар. Ал жүрегінде адамгершілік деген қасиет құндақталған баланың табыссыз болуы мүмкін емес. Біз жастарымыздың тұрмыстың жетегінде кетпей, биіктерге қол созғанын қалаймыз. Қайырымдылық жасаудан да кенде болмайық!

Нұржамал ӘЛІШ.

Карикатура: Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

ӘЛЕМДІК ЖҰЛДЫЗ

Канье Уэст Алматыда

Бүгін Орталық стадионда әлемге танымал америкалық рэпер, музыкалық продюсер әрі дизайнер Канье Уэст, яғни (Ye) өнер көрсетеді. Канье Уэст – 24 мәрте «Грэмми» сыйлығын иеленген музыка индустриясындағы ең ықпалды есімдердің бірі. Ол The College Dropout, Graduation, My Beautiful Dark Twisted Fantasy сынды танымал альбомдардың авторы. Рэпердің қоржынында 12 жеке студиялық және өзге орындаушылармен бірге жазылған 4 коллаборациялық альбом бар. Музыкадан бөлек, Ye сән индустриясында Yeezy брендімен кеңінен танымал.



Мегаполис әлемдік музыканы әрдайым жылы қабылдайтын қала ретінде бұл концертті ерекше ықыласпен қарсы алып отыр, ал көрермендер халықаралық деңгейдегі шоуы асыға күтуде.

Алматыда өтетін концертке мыңдаған көрермен жиналады деп күтілуде. Осыған байланысты қала әкімдігі қауіпсіздік пен көлік қатынасын қамтамасыз ету үшін арнайы іс-шаралар ұйымдастырып отыр.

Концерт аяқталғаннан кейін көрермендерді қаланың алты бағытына жеткізу үшін 60 тегін шаттл-автобус қызмет көрсетеді:

- * «Алматы Арена» – 10 автобус;
- * Райымбек батыр / «Алатау» метро бекеті – 10 автобус;
- * Алматы халықаралық әуежайы – 10 автобус;
- * «Жұлдыз» шағынауданы – 10 автобус;
- * «Алматы-1» теміржол вокзалы – 5 автобус;
- * «Орбита» шағынауданы – 5 автобус.

Бұл автобустар концерттен кейін көрермендердің қала бойынша әр бағытқа ыңғайлы жетуіне мүмкіндік береді.

Метро түнге дейін жұмыс істейді, Концертке келушілер үшін метро жұмысы да күшейтіледі. «Байқоңыр»

метро бекеті сағат 21.00-де жабылады. Көрермендерге «Абай» және «Мұхтар Әуезов атындағы театр» бекеттерін пайдалану ұсынылады.

Метроның жұмыс уақыты 01.00-ге дейін, қажет болған жағдайда 03.00-ге дейін ұзартылуы мүмкін.

Сағат 16.00-ден бастап қозғалыс шектеледі.

Концерт өтетін аумақта қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сағат 16.00-ден бастап Орталық стадион маңындағы көлік қозғалысына шектеу қойылады.

Шектеу Абай даңғылы, Байтұрсыннов және Сәтбаев көшелерінің қиылыстары мен оған іргелес аумақтарды қамтиды.

Сондықтан концертке баратын қала тұрғындары мен қонақтарына жол бағытын алдын ала жоспарлап, қоғамдық көлікті пайдаланғаны жөн.

Алматы бүгін әлемдік музыка жұлдызын қарсы алады. Кештің басты кейіпкері Канье Уэст болса, қала үшін басты міндет – концертті қауіпсіз өткізіп, көрермендердің үйлеріне келдіргісіз қайтуын қамтамасыз ету. Көрермендердің көңіл күйі жоғары, ал мұндай әлемдік деңгейдегі музыкалық оқиғалар Алматының мәдени өмірін одан әрі байыта түсуде.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Сурет: Жи.